

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының
«Қазақстанның инновациялық дамуын құқықтық қолдау» ғылыми-зерттеу
орталығы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

Научно-исследовательский центр «Правовая поддержка инновационного развития
Казахстана» кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового
права

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF LAW

Scientific research center "Legal support for innovative development of Kazakhstan" of
the Department of Civil law, civil procedure and labor law

**«АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЗАҢНАМАСЫН БІРІЗДЕНДІРУ:
САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ПРАКТИКАСЫ»**

атты тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
материалдары, Заң ғылымдарының кандидаты, профессор З.К. Абдуллинаның
ғылыми -педагогикалық қызметіне және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің 90 жылдығына арналған
15 наурыз 2024 ж.

**«УНИФИКАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССУАЛЬНОГО
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ И
ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНАЯ ПРАКТИКА»** материалы международной научно-
практическая конференции, посвященной научной и педагогической деятельности
кандидата юридических наук, профессора Абдуллиной З.К. и 90 летию КазНУ им.
аль-Фараби
15 марта 2024 г.

**«UNIFICATION OF CIVIL PROCEDURE LEGISLATION COMPARATIVE
ASPECT AND LAW ENFORCEMENT PRACTICE»** materials of the International
scientific and practical conference, dedicated to scientific and pedagogical activities of
the candidate of Law, professor Abdullina Z.K. and 90th anniversary of Al-Farabi Kazakh
National University
March 15, 2024

Алматы 2024

УДК 347.9
ББК 67.410
A29

Жалпы редакцияда: Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрa меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары докторы PhD Н.Д. Мырзатаев

Под общей редакцией: заместитель заведующий кафедры гражданского право, гражданско-процессуального и трудового права, по научно-инновационной работе и международная связям, PhD доктор Н. Д. Мырзатаевой

Редакциялық алқа: /Редакционная коллегия:

Н.Д. Мырзатаев, С. К. Атаханова, А. А. Абикенов, С. Э. Асанова,
А.А.Урисбаева, (жинақтың жауапты хатшысы) Турысбек А.

**Азаматтық іс жүргізу заңнамасын біріздендіру: салыстырмалы
аспект және құқық қолдану практикасы**

A110 Азаматтық іс жүргізу заңнамасын біріздендіру: салыстырмалы
аспект және құқық қолдану практикасы: халықаралық ғылыми конференция
материалдар жинағы. – Алматы: ҚазҰУ, 2024.- 110 б. – каз., рус.

ISBN 978-601-214-643-1

Материалдар жинағында азаматтық іс жүргізу заңнамасын біріздендіру: салыстырмалы аспект және құқық қолдану барысындағы тәжібелік өзекті мәселелері қарастырылды, медиация сұрақтары, еңбек қатынастырын ұйымдастырудағы медиация рөлі, азаматтық іс жүргізудегі дәлелдеу мен дәлелдемелер, азаматтық іс жүргізу заңнамасының қолдану барысындағы туындайтын мәселелері, азаматтық жауапкершілік, азаматтық процестің ерекшеліктері, оның сатылары және тағы басқа азаматтық іс жүргізу барысында кездесетін көптеген заңнамаларды қолдану бойынша бірізділікті қамтамасыз ету мәселелері баяндалған.

Заң тәжірибесімен айналысушыларғы, оқытушылар мен заңгер, құқықтанушы білімалушыларға, студенттер мен магистранттар, доктаранттарға және құқық тәжірибесіне қызығушы барша жұртшылыққа арналған.

УДК 347.9
ББК 67.410

ISBN 978-601-214-643-1

@ҚазҰУ, 2024

МАЗМҰНЫ/ СОДЕЖАНИЕ / CONTENTS

Абайдельдинов Т.М., Карашева Ж.Т.	5
Развития института медиации	
Алдашев С.М., Исабаева Ж.Н.	9
Еңбек қатынастарының жіктелу ерекшеліктері	
Алкебаева Д.А.	12
Кәсіпкерлік – мемлекетті дамытудың тиімді жолы	
Атаханова С.К.	15
Неке және отбасы қатынастарын реттеудің конституциялық-құқықтық негіздері: алыптасуы және даму тенденциясы	
Байденова А.Б.	20
Еңбек дауларын шешудегі медиацияның рөлі	
Жынғылбаев Е.М.	26
Релевантность и характер доказательств на основе зарубежного правоприменения.	
Жынғылбаев Е.М.	32
Доказывание в гражданском и уголовном процессе сравнительный анализ	
Карагусов Ф., Баишева Б.	38
Внедрение принципов разнообразия, справедливости и инклюзивности в систему регулирования корпоративных отношений в Казахстане	
Каримова А.О., Томашевский К.Л.	47
Трудовые права несовершеннолетних в Российской Федерации и в Республике Казахстан	
Қарабаева Ж.А., Г.М. Атаханова	50
Сот сараптамасының әдістері туралы ілімді дамытудың маңызы	
Шонабай С.С., Мырзатаев Н.Д.	55
Электронды сатып алу сату міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершілік	
Мырзатаев Н.Д., Мұратқызы А.	58
Авторлық құқықтың тарихи аспектілері	
Мырзатаев Н.Д.	64
Азаматтық іс-жүргізу заңнамасының қолданудың кейбір мәселелері.	
Нурахметова Г.Г.	69
Основания и условия возникновения гражданско-правовой ответственности	
Нурадилова А.Х.	73
Особенности использования примирительных процедур в гражданском судопроизводстве	
Сулейменова С.Ж.	83
Определение стадий гражданского судопроизводства в теории гражданского процессуального права	
Танирбергенова Р.К.	90

Әйел қылмыстарына әлеуметтік экономикалық және мәдени факторлардың әсері Танирбергенова Р.К.	94
Әйелдер еңбегін қорғаудың құқықтық жағдайы Тыныбеков С., Ложникова О.П.	101
Ұстаз тағлымы және заңнама сабақтастығы Тұрысбек А.Б.	104
Туристік қызмет саласында кәсіпкерлік, азаматтық, еңбек және басқада салалық заңнамалық қолданудың ерешеліктері	

Абайдельдинов Т.М.,
к.ю.н., доцент
Карашева Ж.Т.
ст.преподаватель

РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ

Начиная с истории развития института медиации, то она как таковая не является результатом творения недавнего времени. Еще с давних времена при возникновении какого-либо вопроса люди подходили к решению с помощью авторитетного, справедливого и рассудительного человека. Как говорилось ранее посредничество (ныне медиация) имеет довольно давние исторические и культурные корни, еще со времен существования первобытного общества.

Появление необходимости привлечения третьей нейтральной стороны для разрешения спорных ситуации прежде всего, являлось желание выжить. Наибольшую популярность в древнем обществе такая процедура получила в регионах где была довольно активно развита торговля.

Это подтверждается в финикийской, древне-вавилонской цивилизациях, где экономической основой была морская торговля. Пропаганда института посредничества также была видна и в Азии, в частности в Японии и Китае. В таких странах примирение сторон посредством диалога гораздо выше, нежели чем решение проблем при помощи местных судов. Дальнейшее свое развитие медиация получила в Древней Греции, где медиаторов именовали «proxentas», затем в Древнем Риме, где в Дигестах Юстиниана положение медиаторов было впервые законодательно закреплено. В древне-римском праве они носили разные названия: «internuncius», «intercessor», «conciliator», «medium», «mediator» [1, 21 с.].

В современном образе институт медиации был разработан в США в середине двадцатого века, и с экономическом развитии появлялись все более новые формы конфликтов в связи с чем начали образовываться профсоюзы которые вели борьбу с работодателями за улучшение условия труда и заработной платы. Появлялись угрозы митингов и забастовок, закрывались целые фабрики, и в следствие чего следовали увольнения. Исходя из этого властями страны были предприняты меры чтобы использовать в таких ситуациях нейтрального посредника которым выступило Министерство труда. Для осуществления данной задачи в 1947 году был сформирован специальный федеральный орган – «Федеральная служба США по медиации и примирительным процедурам которая именуется на сегодняшний день – «Federal Mediation Conciliation Service, FMCS», и действует по сегодняшний день. Впервые употребление термина «медиация» было отмечено именно там, и на тот момент она имела самостоятельный характер процедуры и послужила основой для дальнейшего развития института медиации.

Также развитию медиации поспособствовали во многом особенности и некоторые негативные аспекты гражданских процессов начала 60-х годов.

Согласно американскому правилу – независимо от исхода стороны были обязаны сами производить оплату за адвокатские услуги. Так, расходы для обеих сторон были неизбежны. В частности в экономических спорах, такие неизбежные расходы на адвокатские услуги были баснословных размеров. К тому же по срокам процесс становился довольно затяжным. И в итоге, поводом для заключения судебного мирового соглашения становилось банальное истощение финансовых ресурсов.

Конгресс США в 1990 году принял Закон о реформировании гражданского судопроизводства и затем федеральные суды должны были содействовать использованию альтернативных способов для разрешения конфликтов и споров. Для реализации этой обязанности были внедрены изменения во многие процессуальные кодексы штатов для расширения дискреционных прав судей и принуждению сторон спора к предварительному обращению к медиатору. Также медиация еще развивалась и в части внесудебной сферы, и на сегодняшний день она является цельной частью американской гражданско-правовой культуры.

Признание в международной судебной практике медиация получила относительно не так давно, примерно в конце 1990-х годов, в момент когда в Италии была проведена международная конференция по медиации. И с начала 2000-х годов медиация как фактор международного права начинает активно применяться для регулирования военных, торговых, экономических, этнических, межнациональных конфликтов и споров. Медиация как метод по разрешению международных конфликтов закреплена в нормах ООН (Организация Объединенных Наций) в главе 6 и трактуется: «Стороны, которые принимают участие в любом споре, исход которого могло бы угрожать поддержанию международного мира и безопасности, прежде всего должны стараться решить спор посредством переговоров, обследования, посредничества, примирения, судебного разбирательства, обращения к региональным органам или соглашениям или иного мирного метода на свое усмотрение» [2, 11 с.].

Мировая практика западных стран демонстрирует, что при помощи интеграции негосударственных процедур можно не только быстро и эффективно разрешить гражданско-правовые споры но и также решить многие другие проблемы по судопроизводству, к примеру, в значительной мере понизить судебные издержки и расходы для сторон, сократить сроки разрешения дел.

Сегодня, медиация, активно применяется и развивается в Республике Казахстан. Медиация, как установлено в гражданско-правовых нормах, есть процедура, которая применяется конфликтующими сторонами посредством их вступления в добровольные переговоры с привлечением третьей стороны (медиатора) для достижения взаимопонимания и составления договора, который решает конфликтную ситуацию. 28 января 2011 года Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев, подписал Закон «О медиации». В казахском обществе, процедура медиации существовала еще в древности,

потому как испокон веков, была традиция решать конфликты при помощи уважаемых лиц, в то время которые являлись «аксакалы» и «бии».

Процедуры урегулирования гражданско-правовых споров негосударственного характера пока что не получил широкого применения в Казахстане, при этом их дальнейшее развитие не является возможной перспективой на далекое будущее, это насущная потребность. В своем выступлении на V Съезде судей Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев подчеркнул, что «важно сократить число споров, подлежащих рассмотрению в судебном порядке, внедрять альтернативные способы их разрешения, в том числе примирительные процедуры и медиацию».

И невзирая на то, что отдельные негосударственные процедуры сейчас уже имеют свою практику в РК, сложилась определенного рода правовая база, которая обеспечивает их применение, весь потенциал данных процедур не используется в достаточной мере. По причине того, что в нашем современном обществе есть факторы, которые сдерживают развитие негосударственных процедур урегулирования гражданско-правовых споров. И среди наиболее актуальных можно отметить законодательное несовершенство, правовой негилизм и слабое правосознание предпринимателей и представителей профессии юрисдикции о возможностях регулирования споров с применением негосударственных процедур, менталитет общества, который в частности ориентирован на судебные разрешения таких вопросов, а также неполномерная теоретическая разработанность проблематики. На сегодняшний день, в обществе сформировалось отсутствие единого понимания сути функционирования медиаторов. Большая часть общества едва знакомо с профессией медиатора, и в следствие чего складывается низкий уровень доверия [3, 65 с.].

Ключевыми факторами, которые препятствуют работе медиаторов выступают:

- низкий уровень правосознания общества о понятии медиации в связи с чем происходят сомнения в положительной результативности развития института гражданского общества: реальное обращение и эффективность работы системы медиации будет возможна лишь при зрелом гражданском обществе;

- граждане страны не имеют возможности обращаться в соответствующие правовые институты в силу правовой безграмотности и информационного вакуума.

Значительная особенность медиации прежде всего, связана с человеческим фактором, на котором построен весь процесс. Учитывая, что итоговое решение, которое принимается лишь в согласии обеих сторон, профессиональная квалификация медиатора должна быть на высоком уровне. Конфликт должен быть рассмотрен с трех сторон: юридическая сторона соответственно законодательству; экономическая, личностная которая основана на психологическом и эмоциональном удовлетворении. Причем, последняя сторона есть как самая уязвимая в силу определяющего положения

человеческого фактора. Любые эмоции к любой из сторон могут повлиять на объективность в процессе решения консенсуса.

Внутрикорпоративные и межкорпоративные споры (области применения медиации):

1. Споры в банковской и страховой сфере;
2. Процесс реализации проектов, затрагивающих многие стороны;
3. Рабочие конфликты;
4. Семейные конфликты;
5. Споры, которые связаны с патентом;
6. Медиация в образовательной сфере;
7. Межкультурные конфликты и т.д.

Таким образом исходя из этого отчетливо видно, что сам процесс медиации есть междисциплинарная сфера, которая совместила в себе отрасли науки как право, психология, социология, лингвистика, конфликтология, критическое мышление, и т.д.

Здесь мы можем увидеть, что ключевым фактором является непосредственно сам вопрос конфликта. Конфликт как таковой это процесс, столкновения двух противоположно-направленных целей, интересов, позиции и взглядов субъектов или же оппонентов взаимодействия, так интерпретирует данный термин автор юридических наук Н.В. Гришина. Конфликт в частности начинается из-за возникшей ситуации, включающей спорные цели и средства их достижения в каких-либо определенных обстоятельствах или несовпадении интересов, желаний, и наконец удерживает субъектов возможного конфликта и его объект. Для дальнейшего развития конфликта нужен прежде всего, инцидент (повод), и в основном это происходит когда одна из конфликтующих сторон начинает ущемлять вопросы другой стороны. Когда другая сторона отвечает тем же самым, то в этом случае конфликт из возможного переходит в стадию актуального.

На сегодняшний день, психологи выделяют основные элементы конфликта:

- участники;
- опцион (прохождения конфликта);
- видовая характеристика ситуации;
- действия сторон конфликта.

Основным аспектом причин возникновения конфликтов, является ценностные установки, которые делятся на «синтонные» и «конфликтотенные». Разберем их поподробнее. Конфликтотенное поведение – это провокационное поведение, возникающее в случае, если интересы одного человека мешают удовлетворению интереса другого человека [4, 55 с.]. Большинство конфликтов возникают по причине того, что человек неправильно воспринял ту или иную информацию. Возможно человек имел в виду одно, а другой понял это в силу своего понимания и мировоззрения. Об этом говорил великий философ Рассел, который является создателем семантической философии, и по этой философии он говорил, что все

конфликты включая войны, происходят из-за неправильного восприятия или толкования чужого языка или слова.

Список использованной литературы

- 1 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года, ан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.02.2017 г.) [электронный ресурс] - <https://www.zakon.kz/> 2024
- 2 Шамликашвили Ц.А. Медиация как альтернативная процедура урегулирования споров. М., Межрегиональный центр управленческого и политического консультирования, 2010. – 225 с.
- 3 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.04.2017 г.); [электронный ресурс] - <https://www.zakon.kz/> 2024
- 4 Жакупов Ж. А. «Медиаторы» о проекте нового Гражданско-процессуального Кодекса: за и против; [электронный ресурс] - <https://www.zakon.kz/4698442-mediator-o-proekte-novogo-grazhdansko.html>
- 5 Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.10.2015 г.) <https://www.zakon.kz/> 2024

С.М. Алдашев

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ. з.ғ.к.,аға оқытушы,

Ж.Н. Исабаева

педагогика ғылымдарының магистрі

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еңбек қатынастарының ғылыми, теориялық және практикалық маңыздылығы - құқықтық реттеу тетігі арқылы құқықтық қатынастар еңбек қатынастары туындайды және еңбек заңнамаларындағы құқықтық нормалар жүзеге асырылады.

Барлық жұмыскерлер үшін ортақ құқықтық қатынастарға дейінгі кезеңдегі құқықтар мен міндеттер жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің субъективті заңды құқықтары мен міндеттері түрінде нақтыланады.

Еңбек құқығы ғылымында, еңбек құқығына арналған оқу әдебиеттерінде, сондай-ақ қолданыстағы еңбек заңнамаларында еңбек қатынастарының әртүрлі анықтамаларын табуға болады, олар оның құқықтық

мәні мен функционалдық мақсатын анықтамалар мен түсініктер түрінде нақтыланады.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде еңбек қатынастарына байланысты келесідей анықтама берілген: «еңбек қатынастары – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар»[1].

"Еңбек қатынастары, - деп жазады В. М. Лебедев - кез-келген басқа ұғым сияқты, белгілі бір абстракция. Сонымен қатар, бұл жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы құқықтар мен міндеттерге ие нақты қатынасты, белгілі бір әлеуметтік байланысты білдіреді. Бұл байланыстың моделі еңбек құқығының нормасымен белгіленеді. Еңбек құқығы субъектілерінің нақты құқықтық әрекеттері әрдайым көрсетілген модельге сәйкес келе бермейді. Еңбек құқығы нормаларын одан әрі жетілдіру проблемасы, еңбек қатынастары тараптарының еңбек құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде субъектілердің заңды жауапкершілігін қамтамасыз ету проблемасы туындайтын болды"[2,129].

Еңбек қатынастарын теориялық тұрғыдан талдауға байланысты бірінші кезекте еңбек қатынастарының субъектілері арасында туындайтын бірінші кезекте жұмыс берушінің ұйымдастырушылық қатынастарына сипаттама беру қажет. Ұйымдастырушылық қатынастар өткен ғасырдың ортасында кеңестік азаматтық құқық тақырыбын талқылауға байланысты құқықтық теорияға енді.

Ғылыми полемиканың негізі азаматтық құқық пәніне кіретін қоғамдық қатынастарды жүйелеудің негізделген критерийлерін, сондай-ақ азаматтық-құқықтық қатынастарды құқықтың басқа салалары (әкімшілік, қаржылық, еңбек, отбасы, тұрғын-үй, экологиялық) құқықтық тұрғыдан реттейтін қатынастардан ажырату негіздерін іздеу мәселелері болды.

Теориялық тұрғыдан талқылау азаматтық құқық пәнін құрайтын құқықтық байланыстарды жүйелеудің критерийін қолдану ғылыми жіктеу ережелерін жаңадан көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Еңбек құқығына байланысты заң әдебиеттерінде қатынастардың негізі ұйымдық қатынастар деп аталды, өйткені олардың мазмұны экономикалық айналымдағы субъектілердің құқықтық байланыстарын реттеу, ұйымдастыру қызметі болды. Қазіргі уақытта экономиканы басқарудың жоспарлы бастамалары ұзақ мерзімді кәсіпкерлік байланыстарды, болашақ мәмілелерді және т.б., ресімдеумен ауыстырылды. Осылайша, қоғам өмірінің экономикалық парадигмасының өзгеруі жағдайында азаматтық - құқықтық реттеудің еңбек қатынастарын туындайтын ұйымдастырушылық қатынастарын азаматтық құқық және ұйымдастырушылық қатынастардың құқықтық сипаты пайда болады.

Заң әдебиеттерінде еңбек құқығындағы ұйымдастырушылық қатынастар негізгі қатынастар болып табылады деген пікір бар.

Біріншіден, ұйымдастырушылық қатынастардың мақсаты-болашақта шарттар жасасуға бағытталған әрекеттердің негізінде шарттық қатынастарды ұйымдастыру.

Екіншіден, шарттық қатынастарды ұйымдастыру тікелей ұйымдастыру шартында негізгі еңбек шарттарының кейбір талаптарын келісуді және (немесе) негізгі шартты жасасуға ықпал ететін нақты әрекеттерді көрсетуді көздейді.

Еңбек қатынастарының көптеген анықтамаларын талдай отырып, бұл кешенді түрде зерттелетін еңбек құқығы саласындағы күрделі институттардың бірі болып саналады. Жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек шарты, азаматтық құқықтық шарттар, кепілдіктер мен өтемақылар, еңбек құқықтары мен мүдделері, өндірістік процесті ұйымдастырудың тиімділігі, басқарумен байланысты шешімдер қабылдау, алынған кірісті, табысты, пайданы бөлу туралы туындайтын ұйымдастырушылық қатынастар.

Әдетте еңбек қатынастарына тән келесі белгілер анықталады: олардың күрделі сипаты, жеке сипаты, ақылы принциптері және ұзаққа созылатын сипаты, құқықтық байланыс, еңбек құқықтық қатынастарының өтеулі сипаты, жұмыс берушінің нормативтік және құқық қолдану билігінің болуы.

Ұйымдастырушылық құқықтық қатынастар еңбек нарығында еңбек жағдайларының қалыптасуына ықпал етуші қатынастар тобына жатады. Сондықтан да әртүрлі иерархиялық деңгейлердегі жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында әлеуметтік, экономикалық және еңбек қатынастары пайда болады және қазіргі кезеңде еңбек құқығы саласында "әлеуметтік-экономикалық, еңбек қатынастары" термині мен анықтамасы жиі қолданылады:

Еңбек құқығы ғылымында әлеуметтік-еңбек қатынастарының екі түрде жіктелуі ұсынылған: біріншіден, жалпы және арнайы қатынастарды ажыратуға болады. Жалпыға бірдей (жұмыспен қамту, ұйымдастыру және еңбекақы төлеу, жұмыс уақыты, демалыс уақыты) жұмыскер мен жұмыс беруші арасында туындайтын еңбек қатынастарының барлық кезеңдеріне тән; жалпы (еңбек нарығының қатынастары, әлеуметтік қорғау жүйесі) – өндірісті нарықтық ұйымдастыру; өндірістік қатынастардың әрбір нақты жүйесінде спецификалық бар. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарының жіктелуіне байланысты қоғамдық еңбек процесінен туындайтын, бірақ онымен тікелей байланысты қатынастар: «еңбек қатынастарына тікелей байланысты қатынастар – осы Кодексте көзделген жағдайларда еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға, жұмысқа орналастыруға, жұмыскерлерді кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың кәсіптік біліктілігін арттыруға, сондай-ақ оны тануға, әлеуметтік әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын белгілеуге жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) қатысуына, еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға байланысты қалыптасатын қатынастар»[1], және осы еңбек қатынастарынан туындайтын еңбек құқығындағы кәсіби дайындық, қайта

даярлау, кәсіби оқыту, әлеуметтік қорғау және т. б., қатынастар пайда болуы мүмкін.

Жаңа еңбек құқықтық қатынастарының пайда болуына байланысты медиация рәсімі дауларды реттеудің баламалы тәсілдері жүйесінде тиімді болуы және медиативтік келісімге сенімді нығайтуға ықпал ететін жаңа тетіктерді іздеу, жасанды интеллект байланысты, қашықтықтан жұмыс істеуге байланысты туындайтын еңбек қатынастарының зерделеу және жіктелу қажеттілігі туындауда.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

2. Лебедев В.М. Трудовое право: проблемы Общей части. Томск: Изд-во Томского Гос. Пед. Университета, 1998, с.129

Алкебаева Д.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және
еңбек құқығы кафедрасының оқытушысы

КӘСІПкерлік – мемлекетті дамытудың тиімді жолы

Жалпы, кәсіпкерліктің мемлекетті дамытудағы рөлі өте жоғары деңгейде екенін қазіргі таңда біз көп естиміз, сол себепті қазір қандай тиімді жолдары бар екенін, сонымен қатар кәсіпкерлік ұғымына жеке тоқталатын боламыз.

Кәсіпкерлік, кәсіпкерлік қызмет – тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, тауарларды өндіру және сатудан, іс шарадан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет. Кәсіпкерліктің өзі ірі кәсіпкерлік, орта кәсіпкерлік және шағын кәсіпкерлік болып жіктелетінін білеміз. Бұлардың өзара айырмашылықтары олардың құрамындағы жұмысшылардың санында, табыс көзінің әртүрлі болуында және жасалынатын жобалары мен орындайтын жұмыстарының әртүрлілігінде. Кәсіпкерлік – бұл шаруашылық жүргізудің әдісі және өз бетімен жұмыс істеуге негізделген экономикалық ойлаудың ерекше типі. Кәсіпкерлікті дамытудың басты сәті нарық экономикасында бәсекелестік отанын құру үшін ғана емес, сонымен қатар еркін кәсіпкерлік үшін жол ашатын мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендіру болып табылады. Әр бір заттың немесе құбылыстың өзіне тән

даму және қалыптасу тарихы бар. Сол тәрізді кәсіпкерліктің даму тарихы талай ғасырларды қамтиды.

«Кәсіпкерлік» терминін алғашқы рет ағылшын экономисі Ричард Кантильон (1650-1734жж.) енгізді. Бұл ұғымға, ол нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігін жатқызды.

Кәсіпкерлік - ежелден келе жатқан адамдардың іскерлік белсенділігі, қабілеті. Ал оның дамуы орта ғасырдан басталады: көпестер, саудагерлер, қол өнері қызметкерлері. Кәсіпкерліктің алғашқы дамуында кәсіпкер құрал жабдықтарға иелік ете отырып, өздері сол кәсіпорында қолдап жұмыс істеген. Бұл тауарлы өндірістің бастапқы түрі.

Кәсіпкерліктің субъектісі жеке адамдар, сонымен бірге, заңды тұлғалар, біріккен серіктестер, арендалық ұжым, ашық және жабық акционерлік қоғамдар, шаруашылық ассоциациялары, әр түрлі бірлестіктер.

Кәсіпкерліктің ерекшеліктері:

- Дербестік және тәуелсіздік;
- Экономикалық ынталылық;
- Шаруашылық тәуекел және жеке жауапкершілік;
- Жаңашылдық.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында шағын бизнестің дамуы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Шағын бизнес Қазқстанда қарқынды дамып келеді. Шағын кәсіпкерліктің дамуы бір қатар әлеуметтік проблемаларды шешуге негізделеді, соның ішінде шағын бизнес саласында жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету деп ойлаймын.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту тиімділігі әлемдік тәжірибеде дәлелденген, яғни шағын бизнес инвестицияға деген ең төменгі қажеттіліктермен ұлттық өнімнің едәуір бөлігін өндіреді.

Шағын кәсіпкерлік арқасында болатын жағымды жайттар:

1. аймақтық экономиканы жандандыру;
2. қайта құрылған жұмыс орындарын көбейту;
3. шағын бизнесті дамытуға қолайлы орта қалыптастыру;
4. Қазақстанда шағын бизнес қарқынды дамуына қол жеткізу.

Кәсіпкерлікті дамытудың теориялық және методологиялық мәселелері жан-жақты талданып келеді, дегенмен бұл салада жасалған жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, ол жұмыстарда негізінен, кәсіпкерлік қызметін дамытудың жалпы экономпикалық көзқарастары ғана қарастырылғандығын айтуымыз керек.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында методологиялық дәрежеде шетелдік, атап айтқанда, американдық ғалымдармен көптеген зерттеулер жасалған. Бұл осы елдің шағын кәсіпкерлікті дамытуда 200 жылдық тарихы бар екендігін

көрсетеді. Бүгінгі таңда АҚШ-та 20 миллионнан астам кәсіпорын бар және олардың 6%-і шағын және орта бизнеспен шұғылданатын кәсіпорындар.

Шағын кәсіптің негізгі мақсаты — халықты жұмыспен қамту, оның әлеуметтік мәселелерін шешу, еңбекке деген белсенділігін дамыту, тұтыну нарығын көп ассортименттегі тауарлармен, қызметтермен толықтыру. Қазақстан Республикасында халықтың әл-ауқаттылығын түбегейлі жақсарту мен экономиканы дамыту секілді қиын да игі міндеттерді атқара білетін бизнесмендер тобын жетілдіруге алып баратын әрі кәсіпкерлік қызмет саласын шабыттандыратын кәсіпкерлікті басқару ісінің мақсатты да көп деңгейлі жүйесін қалыптастырудың қажеттігін атап өту керек.

Экономикалық әдебиеттерге сүйенетін болсақ, кәсіпкерлікпен айналысу -аталған субъектінің шаруашылық әрекет түрін, оны жоспарлау, өнімді өткізуде және тағы басқа таңдауда олардың жиынтық бостандығы мен құқығы болуы керек.

Екіншіден, кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың өндіріс құрал-жабдықтарына, өнімге және табысқа иелік құқығы болуы маңызды шарт.

Үшіншіден, өзін-өзі басқару және шаруашылықты таңдауда бостандықты, инвестициялауды нақты қамтамасыз ететін белгілі бір экономикалық орта және қолайлы жағдай қажет. Толығырақ айтқанда, белгілі бір кәсіпкерлікпен айналысу үшін – нарықтық бәсекелестік тәртіп бойынша, шаруашылық жүргізуге қолайлы жағдай туғызу.

Кәсіпкерлік бұл адам баласының бойына біткен қабілет, талант болып табылады. Басқаша айтқанда бұл үлкен бастама, дәстүрден тыс шешімдерді іздестіру, кең көлемді тәуекелге бел байлау, іскерлік.

Республикамыз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін елімізде жылдан-жылға кәсіпорындардың саны көбеюде. Нарықтың қатаң талабына шыдай берген кәсіпорындар өміршең болып, банкротқа ұшырамай жұмыс істеуде. Нарықтың ең басты талабы – кәсіпорындардың көлемі неғұрлым шағын болса, олардың шығыны азайып, табыстан түсетін пайда солғұрлым арта түседі. Кәсіпорындардың тауарына сұраныс неғұрлым көп болу үшін, кәсіпорындар арасында бәсекелестік пайда болып, сол бәсекелестің арқасында өндіретін өнімнің бағасы түсе бастап, сапасы артып, тұтынушылар ала бастайды.

Елімізде кәсіпорындардың санының көбеюі бұл қоғамда жұмыссыздықтың санын азайтады. 2003 жылғы мәліметтер бойынша 442,3 мың кәсіпкерлік субъектісі есепке алынған болатын, оларда шамамен 1,2 млн адам жұмыс істейді. Біз осылардың барлығынан халықтың тұрмыс-жағдайын жақсартуға кәсіпкерліктің мәні зор екенін байқаймыз.

Мемлекеттің басты байлығы болып саналатын әрбір адамның өмірі, құқығы және бостандығы сондай-ақ бизнеспен яғни кәсіпкерлікпен айналысуы. Қазіргі кезде республика 2004 жыл бойынша көптеген

кәсіпорындар тіркелген яғни 135,1 мыңнан астам. Оның ішінде шағын кәсіпкерлік 127; орта кәсіпорындар 10,789; ірі кәсіпорындар 2,022.

Экономиканың дамуы мен өсуі тек шағын кәсіпкерлікке негізделмейді. Бүгінгі күнде мемлекеттік экономиканың алдында тұрған негізгі мақсат ол - шағын кәсіпкерлікті ірілендіруі, яғни мемлекеттік экономиканың оның ішінде бизнестік өркендеуі.

Заманның ағымына сай кәсіпкерліктің де көптеген түрлері шығып жатыр және де ол кәсіп түрлерін меңгеру аса маңызды деп ойлаймын, себебі мемлекеттің дамуының тиімді жолы ол айтып өткеніміздей кәсіпкерлік болып табылады.

Атаханова С.К.

НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: АЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Қай мемлекетте болмасын, некелік қатынастар конституциялық деңгейде айқындалып, тәртіптеліп отырады. Қазақстан Республикасында да некелік қатынастар конституциялық деңгейде арнайы бекітіліп, көрініс тапқан. Некелік қатынастардың конституциялық деңгейде орнығуы да, Қазақстан Республикасының конституциялық тарихымен тікелей байланысты. Осы жерде біз жалпы конституцияның мән - маңызына тоқталатын болсақ:

«а) Конституция-тікелей қолданылатын құжат. Барлық мемлекеттік органдар мен азаматтар Конституциялық нормаларды қоғамдық қатынастарды реттеуде пайдаланады.

б) Конституцияның ең жоғарғы күші бар, мемлекетте қабылданатын барлық нормативтік құқықтық кесімдер соған сәйкес қабылданады және қайшы болған жағдайда Конституция іс жүзіне асырылуы тиіс.

в) Конституция мемлекеттегі конституциялық құрылым, адам құқықтары мен бостандықтары, биліктің тармақ жүйелері сияқты ең негізгі қоғамдық қатынастарды реттейді» [1, 111 б]. Қазақстан Республикасында тарихқа көз жүгіртсек, бірнеше конституциялар қабылданған: «Ең біріншісі – Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының 1926 жылғы 18 ақпанындағы Конституциясы. Бірақ та, Қазақстан заңгер ғалымдар қауымы оны осы күнге дейін елемей келеді. Оның да өзіндік сыры бар. Өйткені, сол кезде біздің еліміз РКФСР-дің қарамағында болатын. Жоғарыда сөз етілгендей 1926 жылғы Конституция ҚАКСР Орталық атқару Комитетінің қаулысымен бекітіліп, РКФСР Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетіне бекітуге жіберілген болатын. Бірақ бұл Конституцияның соңғы жобасы онда қаралмады.

Сондықтан ол республика аймағында іс жүзінде қолданылмапты. Сөйтіп, ол жоба түрінде жабулы қалды. Соған қарамастан біз бұл туралы мәліметті естен шығармауымыз қажет, өйткені, оның бөлімдері мен тарауларындағы тұжырымдар біздің тарихымыз, ғылымымыз үшін өте орасан зор мәні бар екендігін кең сарайымызбен сезінуіміз қажет.

Екінші конституционализм кезеңі-бұл 1937 жылғы 26 наурыздағы ҚҚС Республикасының Конституциясы. Ол төтенше Бүкілқазақ съезінің қаулысымен алғысөзсіз, бөлімдерсіз бекітілген. Тек 11-тараудан (қоғамдық құрылысы, мемлекеттік құрылыс, мемлекеттік өкіметтің жоғары органдары, мемлекеттік басқару органдары; мемлекеттік өкіметтің жергілікті органдары; бюджет; сот және прокуратура; азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері; сайлау жүйелері; ел таңба, ту, астана; конституцияны өзгерту тәртібі) және 124 баптан тұрады. Осы мәліметтерге көңіл аударып қарасақ, азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттері тек 9-тарауда ғана берілген. Оның 108-бабының 2-бөлігіндегі «Қоғамдық социалистік меншікке қол сұғушы адамдар халық жауы болып табылады» деген сөздер жанынды түршіктіреді. Қанша адам тек қоғамдық меншікке қол сұққаны үшін, оның көлемі мен мөлшеріне, сапасы мен құнына қарамастан атылды десеңші.

Үшінші-1978 жылғы 20 сәуірдегі Қазақ КСР Конституциясының қабылданып, бекітілуі. Ол 10 бөлімнен, 19 тараудан, 173 баптан тұрады. Бұл Негізгі заңның өзекті мәселелері – жалпыхалықтық мемлекетті, мемлекет құрылысының принциптерін, қоғамның саяси жүйелерінің бөліктерін немесе буындарының мызғымастығын уағыздау, ең бастысы-қоғамдық саяси ұйым ретінде Комунистік партияның үстемдігін заңдандыру. Барлық Қазақстан Конституцияларында, социалистік типтік ретінде, тән ерекшелік қасиеттерінің болуы. Ең алдымен олардың таптық мәндігі оқшауланып тұрады» [2, 233-234 бб].

Алғаш некелік қатынастарға көңіл бөлген конституция ол 1937 жылғы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы, онда осы қатынастарды реттестіруге арнайы 100-бап арналған болатын. Бұл кеңестік қоғамның алғашқы жоғары дәрежедегі конституциялық реттеу заңы болғандықтан, аталған бапта мемлекет көптеген мәселелерді қамтып шешуге тырысып бақты, бұл болашақта келеңсіздіктерге апарады деген көптеген сұрақтарға берген мемлекеттің жауабы болды деп айтуымызға болады. 1937 жылғы Конституцияның аталған бабында негізінен әйел мен еркектің теңдігі заңдастырылып, әйелдің тең құқылық қағидасының нақты тетіктері айқындалды. Бұл оның ішінде некелік қатынастарда әйелдің мынандай сипаттағы тең құқылығын айқындады: «Әйелдердің шын азат болуына қарсылық жасаушылықты (ер жетпеген қыздарды күйеуге беруді және оларды әйелдікке алуды, қалың төлеуді, көп қатын алуды, әменгерлікті, әйелдерді оқуға, ауыл шаруашылық жұмысына және өндірісті кәсіпке, мемлекет басқару

ісіне және қоғам-саясат өміріне тартуға қарсылық ұйымдастырушылықты) - заң жазалайды» [3, 28 б]. Кеңестік Қазақстанның алғашқы Конституциясы болғандықтан, қандай мәселені қамтымасын Конституция таптық идеологияның басты құралына айналды. Жоғарыда көргеніміздей, неке қатынастарына байланысты мәселеде Кеңестік идеологияның талаптарына бағындырылды.

Кеңестік Қазақстанның дамуындағы тағы бір негізгі заң тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғары Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978 жылғы 20 сәуірде қабылданған Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы болып табылады. Осы конституцияны зерттеген ғалымдардың бірі. Д.С. Азбергенов оның қолданылу ерекшелігін былай түсіндіреді: «а) она действовала в атмосфере и условиях всеобъемного превосходства коммунистической идеологии над идеями права, закона и законности (в том числе конституционной законности) и тотального контроля коммунистической партии над всеми органами государственной власти в стране, в том числе над органами конституционного надзора и контроля.

б) многие нормы и положения конституции носили декларативный и формальный характер. Таковыми, в частности, являлись нормы о суверенитете Казахской Республики, о правах и свободах, советского человека и гражданина, об экономических и политических гарантиях прав и свобод и т.д.

в) Конституция Казахской ССР полностью совпало с основными положениями Конституции ССР и была как бы ее «продолжением» приспособленным к условиям Казахстана и особо не отличалась от основных законов других союзных республик» [4, с 8-9].

Аталған конституцияда неке және отбасы мәселесіне де ерекше мән берді. Конституцияның 51 бабында неке және отбасы мәселесі былай реттелді: «Семья мемлекеттің қорғауында болады. Неке әйел мен еркектің ерікті келісіміне негізделеді, жұбайлар семьялық қатынастарда толық тең праволы. Мемлекет семьяға балалар мекемелерінің кең жүйесін жасап, дамыту, тұрмыстық қызмет пен қоғамдық тамақтандыру ісін ұйымдастырып, жетілдіру, баланың тууына байланысты жәрдем ақша төлеу, көп балалы семьяларға жәрдем ақша мен жеңілдіктер беру, сондай-ақ семьяға басқа да жәрдем ақша, көмек беру жолымен қамқорлық жасайды» [5, 46-47 бб]. Бұл Конституциядан да Кеңестік жүйенің идеологиясының үстемдік құрғандығын көреміз. Кеңестік мемлекеттің қарап отырсақ, біздің ойымызша, жаман қырларымен қатар өте жақсы тұстары болды. Кеңестік мемлекет халықты әлеуметтік қорғауда және отбасы мен неке мәселелерін қамқорлыққа алуда, осы уақытқа дейін әлемдік тәжірибеде үлгісі жоқ жетістіктерге қол жеткізді десек артық айтқандық емес.

Егеменді Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Бұл Конституция туралы С.З. Зиманов былай дейді:

«Конституция разрабатывалась и принималась в противоречивых условиях. В ней, как в зеркале, отразилась расстановка социальных сил и групп с разными политико-идеологическими ориентациями, а также неопределенность и выжидательный характер позиции ряда руководящих органов и влиятельных политиков, причастных к ее подготовке и принятию. Конституция, несмотря на свой «переходный» характер и нереализованные возможности, имеет несомненное позитивное значение в качестве Основного закона РК» [6, с 205]. Шын мәнінде, тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын қабылдау қоғам үшін оңай болған жоқ. Конституцияның жобасын жасау және талқылау қоғамдық қажырлы еңбекті талап етті. Конституция жобасын жасаудың қаншалықты қиын болғандығын, С.С. Сартаев пен Л.Т. Назарқұлова өздерінің еңбектерінде былай деп тұжырымдайды: «Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын жасау жұмысы екі жылдан астам уақытқа созылды. Осы мерзім ішінде Конституция жобасының бірқатар үлгі-варианттары талқыға түсті. Ал бұл өз кезегінде Конституцияның қалыптасуы қаншама ұзақ та қиынқыстау жолдан өткенін дәлелдейді» [7, 84 б]. Осындай жағдайларда қабылданған Конституция болса да, некелік және отбасылық қатынастарды реттеуге ерекше мән берді.

Конституцияда некелік-отбасылық қатынастарға арнайы тоғызыншы тарау бөлініп үш бірдей бап арналған. Конституцияның 50-51-52-баптарында: «Заңда белгіленген жасқа толған еркектер мен әйелдердің некелесіп, отбасын құруға құқы бар. Неке ерлі-зайыптылардың ерікті түрде келісуіне және құқылық теңдігіне негізделеді. Ата-аналардың және олардың орнындағы адамдардың міндеті - балаларды асырау, тәрбиелеу және оқыту. Балаларды тәрбиелеудің және оқытудың сипаты мен түрлері баланың мүддесіне нұқсан келтірмеуге тиіс. Еңбекке жарамды балалар өздерінің ата-аналарына қамқорлық жасап, оларға көмек көрсетуге міндетті. Отбасы, ана, әке болу және балалық шақ қоғам мен мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекет жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айрылған балаларды асырауды, тәрбиелеуді және оқытуды қамтамасыз етеді, балалар жөніндегі қайырымдылық қызметті көтермелеп отырады» [8, 158-159 бб], - деп көрсетілді.

Қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы 30 тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының конституциясында некелік қатынастарды реттеуге бір ғана бап арналған. Ол адам және азамат деп аталатын екінші бөлімде 27-бапта көрсетілген. Онда неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндеттілігі айтылған [9, 10 б]. Неке мен отбасының мемлекет қорғауында болуын Қазақстан Республикасындағы конституциялық құқықтық

жазушы, авторлар былай түсіндіреді: «Таким образом, право на защиту брака и семьи - это охраняемая законом и гарантированная Конституцией республики возможность гражданина обращаться к государственным органам и должностным лицам за содействием и помощью для укрепления брачно-семейных отношений и охраны законных прав и интересов членов семьи. Защита брака и семьи государством состоит в создании социально-экономических предпосылок существования здоровой, потенциально прочной семейной общности, способной удовлетворить потребности образующих ее лиц. В этой связи государство обязано проявлять заботу о семье путем создания и развития широкой сети детских учреждений, организаций и совершенствования служб социальной помощи семье, предоставления пособий и льгот многодетным семьям, малообеспеченным гражданам и т.п.» [10, с 304].

1995 жылғы Конституция адам құқықтары мен бостандықтарын кеңінен қамтыған негізгі заң болып отыр. Конституцияның «Адам және азамат» деп аталатын тиісті бөлімге 30 бап жинақталған. Бұл - Конституцияның барлық баптарының үштен бірі. Қазақстан Конституциясында адамға, оның өміріне, құқықтары мен бостандықтарына 30 баптың арналуын адам құқықтарын тану мен қорғаудың әлемдік бағдары болып табылатын «Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясының» 29-баптан тұратындығымен қатар қойып қарауға болады. Бұл - формальды түрде сәйкес келушілік емес. Бұл «Адам құқықтары мен бостандықтарының Жалпыға бірдей Декларациясында» бекітілген барлық құқықтар мен бостандықтардың қандай да бір өзгешеліктермен Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында жариялануымен себептелген. 1995 жылғы Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтарының жүйесі түрлері бойынша, мазмұны бойынша, қорғалу механизмі бойынша Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясымен сәйкестікке келтірілген» [11, 82 б].

Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы неке институтының конституциялық құқықтық тұрғыда реттеліп, дамуын бірнеше кезеңдерге бөліп, топтастырып көрсетуге болады:

1) 1990-1993 жылдардағы неке институтының конституциялық құқықтық негіздерінің қаланып, даму кезеңі;

2) Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясында неке институтының конституциялық өрбу кезеңі (1993-1995 ж);

3) Неке институтының тұрақты дамуға бет алу кезеңі (1995 ж. бүгінгі күнге дейін).

Біздің ойымызша конституцияда, некеге байланысты, және одан туындайтын сұрақтардың былай қысқа қайырылуы, ол некелік-отбасылық заңдардың дамуына кеңінен жол ашып беруінде деп ойлаймыз. Біз бұл

мәселені келесі тарауларда некеге байланысты заңдардың дамуын қарастырғанда конституциямен сабақтастыра отырып дамытып көрсетеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Өзбекұлы С., Қопабаев Ө.Қ. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.

2 Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 464б.

3 Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі заңы) 26 март 1937 ж. // Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері: конституциялық актілер / Құраст. Ж. Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 11-32 бб.

4 Азбергенов Д.С. Конституция Казахской ССР 1978 года и ее место в политической и правовой истории Казахстана: Автореф... дисс. канд. юр. наук.: 12.00.01. – Алматы, 2007. - 25 с.

5 Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі заңы). Тоғызыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978 жылғы 20 апрельде қабылданған // Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері: конституциялық актілер / Құраст. Ж. Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 33-72 бб.

6 Зиманов С. Конституция и Парламент Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 352 с.

7 Сартаев С.С. Назарқұлова Л.Т. Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы. – 2005. – 464 б.

8 Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы // Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері: конституциялық актілер / Құраст. Ж. Бәйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 148-178 бб.

9 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Норма-К, 2008. – 44 б.

10 Конституционное право Республики Казахстан: Учебник / Сост. А.Т. Ащеулов. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 656 с.

11 Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы / Ред. Басқ. З.Ж. Кенжалиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 б.

Байденова А.Б.

заң ғылымдарының магистрі,
«Тұран-Астана» университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
E-mail: bajdenovaasel10@gmail.com

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУДЕГІ МЕДИАЦИЯНЫҢ РӨЛІ

Аннотация. Бұл мақалада медиация институтының еңбек дауларын шешудегі рөлі мен даму үрдісі қарастырылды. Медиацияның еңбек даулары, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғыртудағы ұстанымдары, еңбек қатынастары субъектілері арасындағы жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешуде медиацияның маңызды аспектілері айқындалып, зерделенді.

Кілтті сөздер: медиация, еңбек даулары, тараптар қақтығысы, медиативтік келісім, балама тәсіл.

Аннотация. В данной статье рассмотрена роль и тенденции развития института медиации в разрешении трудовых споров. Изучены и определены принципы медиации в трудовых спорах, модернизации судебной и правоохранительной систем, важные аспекты медиации в разрешении индивидуальных и коллективных трудовых споров между субъектами трудовых отношений.

Ключевые слова: медиация, трудовые споры, конфликт, медиативное соглашение, альтернативный подход.

Annotation: This article examines the role and development trends of the mediation institute in the resolution of labor disputes. The principles of mediation in labor disputes, modernization of the judicial and law enforcement systems, and important aspects of mediation in resolving individual and collective labor disputes between subjects of labor relations have been studied and defined.

Key words: mediation, labor disputes, conflict, mediation agreement, alternative approach.

Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылғы 1 қыркүйекте «...мемлекеттің қатысуынсыз мәмілеге келуде дауларды шешудің баламалы тәсілдерін де дамыту қажет. Мұндай институттар дамыған елдерде жақсы көрсеткіштерге ие» деп қазіргі уақытқа дейін медиация саласы заңмен реттеле тұра, бірде бір мемлекеттік орган оның дамуымен айналыспағанын баяндайды [1].

Медиация саласы Қазақстан Республикасының 28 қаңтар 2011 жылғы «Медиация туралы» Заңымен реттеліп, қолданысқа енгізіліп отыр. Бұл елімізде медиацияны ұйымдастыру шараларындағы қоғамдық қатынастарды, оларды жүргізу ережелері мен қолдану рәсімін, сонымен қатар медиаторлардың мәртебесін айқындайды. Заң жүзінде медиацияның қолданылу аясы кең, оның ішінде, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлық қылмыс және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы басқа да қылмыстар туралы қылмыстық істерді қоспағанда.

Аннотация. Авторское право является одной из важных сфер правового регулирования, защищающей права и интересы авторов произведений и искусства. Это право утверждается, гарантируется государством и обеспечивает авторам исключительное право на использование своих творческих результатов. Однако история развития авторского права имеет долгий и сложный путь. Истоки авторского права уходят в глубину времен и развивалось в связи с развитием письменной культуры и коммерческой деятельности. Каждый этап в долгой и сложной истории отражает необходимость защиты авторских прав и адаптации правовой системы к новым вызовам и технологиям. В настоящее время авторское право продолжает развиваться и совершенствоваться для обеспечения справедливой защиты и содействия дальнейшему развитию культуры и искусства для всех владельцев произведений.

Ключевые слова: история авторского права, Статут королевы Анны, интеллектуальная собственность, закон, правовая система.

Annotation. Copyright is one of the important areas of legal regulation protecting the rights and interests of authors of works and art. This right is approved, guaranteed by the state and provides authors with the exclusive right to use their creative results. However, the history of copyright development has a long and difficult path. The origins of copyright go back in time and developed in connection with the development of written culture and commercial activities. Each stage in a long and complex history reflects the need to protect copyright and adapt the legal system to new challenges and technologies. Currently, copyright continues to develop and improve to ensure fair protection and promote the further development of culture and art for all owners of works.

Keywords: copyright history, Queen Anne statute, intellectual property, law, legal system.

Қазіргі заманғы өмірдің жылдам ағынында сансыз авторлық құқық объектілері біздің өміріміздің әр қырын қамтиды. Авторлық құқық қазіргі заманғы құқық тәртібінің ажырамас бөлігі ретінде авторлардың айрықша құқықтарын қорғай отырып, олардың зияткерлік меншік туындылары үшін әділ сыйақымен қамтамасыз етеді. Бұл жай ғана абстрактілі заң термині емес, шығармашылық қызметті ынталандыратын және интеллектуалдық меншік иелерінің мүдделерін қорғайтын маңызды құрал. Кітап сатып алу, кинотеатрға бару немесе музыка тыңдау арқылы біз авторлық құқық нысандарын пайдаланушы боламыз. Бұл ретте, осы туындыларды пайдаланудан басқа, біз оларды заңды пайдалану жөнінде белгілі бір міндеттер алатынымызды есте сақтаған жөн. Авторлар құқығын қорғаудан басқа, авторлық құқық қоғам мен мемлекеттің дамуында да маңызды рөл атқарады. Шығармашылық индустрия жұмыс орындарын құратын және экономикалық өсуге ықпал ететін экономиканың ірі секторы болып табылады. Авторлық құқық осы индустрияның өркендеуі үшін қажетті құқықтық негізді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, авторлық құқықты қорғау мәдени мұраны сақтауға және танымал етуге ықпал етеді. Өткеннің ұлы суретшілері, жазушылары мен музыканттарының туындылары адамзаттың баға жетпес игілігі болып табылады. Авторлық құқық бұл қазынаны сақтауға және болашақ ұрпаққа жеткізуге айтарлықтай ықпал етеді.

1710 жылы Англияда қабылданған «Королева Анна статуты» авторлық құқық туралы тарихтағы алғашқы заң болып саналады. Бұл заң актісінде алғаш рет жарияланған туындыны қорғау және автордың келісімінсіз оны көбейтуге тыйым салу құқығын білдіретін копирайт ұғымы енгізілді. Статуттың негізгі ережелері ретінде мыналарды атап өтуге болады:

– 1710 жылғы 10 сәуірге дейін жарияланған барлық туындылар бір реттік 21 жылдық копирайт мерзімін алды.

– 1710 жылғы 10 сәуірден кейін жарияланған туындыларға қатысты автордың он төрт жылға дейінгі мерзімге басып шығаруға және қайта басуға

айрықша құқығы болды, ол шығарманың алғашқы жарияланған күнінен бастап жүре бастады. Бұл мерзім ұзартылуы, бірақ бар болғаны бір рет, сондай-ақ 14 жылға ұзартылуы мүмкін. Кітаптарды меншік иесінің жазбаша келісімінсіз басып шығаруға және қайта басуға тыйым салынды, меншік иесінің келісімінсіз басылған кітаптар жойылуға тиіс болды.

– 1710 жылғы 10 сәуірден кейін басылған кітаптардың әрқайсысының бірнеше көшірмесі кітапханаларға берілуге тиіс болатын[1].

Америка Құрама Штаттарының Конституциясы қабылданғанға дейін 1783-1787 жылдар аралығында бірнеше штаттар авторлық құқық туралы өздерінің жеке заңдарын қабылдады, олардың алғашқысы Коннектикут болды[2].

Конгресс алғаш рет 1790 жылғы Авторлық құқық туралы заңның көмегімен авторлық құқық саласындағы өз өкілеттіктерін жүзеге асырды. Бұл заң авторларға 14 жыл мерзімге «карталарды, суреттер мен кітаптарды» жариялауға және таратуға айрықша құқық берді. Егер автор бірінші мерзім өткеннен кейін тірі болса, бұл 14 жылдық мерзім тағы бір 14 жылдық мерзімге ұзартылуы мүмкін. Карталар мен схемалар туралы ережелерді қоспағанда, 1790 жылғы Авторлық құқық туралы заң Анна Статутынан сөзбе-сөз көшірілді[3].

Ресейде авторлық құқық туралы бірінші заң 1828 жылы қабылданған. Ол тек әдеби шығармаларға ғана қатысты және авторлар мен баспагерлердің құқықтарын қорғады. Содан кейін 1911 жылы жаңа заң шығарылды, ол авторлық құқық аясын едәуір кеңейтті және сол кезде жалпы қабылданған әлемдік стандарттарға жауап берді. Алайда 1911 жылғы заңның тағдыры Ұлы қазан революциясының оқиғаларымен шешілді.

Авторлық құқық туралы заңнамадағы бірқатар өзгерістерден кейін 1925 жылы КСРО-да жаңа заң мақұлданды. Оның қисыны Кеңес Одағының қалыптасқан экономикалық құрылымымен алдын ала айқындалды. Кәсіпорындар бір-бірімен бәсекелеспегендіктен, зияткерлік меншікке айрықша құқықтарды біреуге бекітудің де мәні жоқ еді. Сондықтан 1925 жылғы заң бойынша авторлар ғана құқық иеленуші бола алады. Бірақ барлық авторлық құқықтар жеке мүліктік емес құқықтарға және туындыны пайдаланғаны үшін сыйақы алу құқығына келіп тіреледі. Авторлық құқықтарды мұндай реттеу 80-жылдардың соңына дейін сақталған.

1993 жылы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» РФ Заңы қабылданды, ол авторлық құқық туралы заңнаманы нарықтық қатынастар арнасына қайтарды. Оны жасаушылар шет елдердің тәжірибесіне және зияткерлік меншік саласындағы халықаралық келісімдерге сүйенді. 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап РФ Азаматтық кодексінің IV бөлігі күшіне енді. Сәйкесінше, осы күннен бастап РФ «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының қолданысы тоқтатылды. Азаматтық кодекстің IV бөлімі 1993 жылғы Заңда бекітілген негізгі ережелерді сақтап қалды, алайда бірқатар елеулі өзгерістер енгізді. Атап айтқанда, Азаматтық кодекстің IV бөлігінің қабылдануымен авторлық құқықтағы шарттар жүйесі өзгерді[4].

Қазақстан Республикасындағы авторлық құқық тарихы 1991 жылы КСРО-дан тәуелсіздік алғаннан басталды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның авторлық құқық саласында өзінің заңнамалық базасы жоқ және мұрагерлік кеңестік нормалар қолданыста болды. 1992 жылы компьютерлік бағдарламаларға қатысты авторлық құқықты міндетті қорғауды енгізді. Қолданыстағы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының N 6-І Заңы 1996 жылғы 10 маусымда қабылданды.

Берн конвенциясы мен авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенция авторлық-құқықтық қатынастарды қорғау жөніндегі заңнаманы дамытудағы маңызды кезеңде қабылданған халықаралық келісім болып табылады және бүкіл әлемде мәдениет пен инновацияларды дамытуға ықпал жасады. Ол авторлық құқықтарды қорғаудың тұрақты жүйесін, авторлардың құқықтарын тану мен құрметтеуді қамтамасыз ете отырып, олардың шығармашылық дамуына септігін тигізіп келеді.

Берн конвенциясы әдебиет пен өнер саласындағы авторлық құқықтарды қорғауға бағытталған халықаралық келісім болып табылады. Ол 1886 жылы Бернде бекітілді және авторлық құқық саласындағы негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Берн конвенциясының негізгі мақсаты авторларға құқықтық қорғауды және олардың зияткерлік меншігін тануды қамтамасыз ету болып табылады. Келісімде авторлық құқықтар туынды жасалған сәттен бастап қандай да бір ресми тіркеудің қажеттілігінсіз автоматты түрде туындайды деп көзделеді. Бұл туындыға авторлық құқықтардың болуы туралы тиісті нұсқаудың болмауы басқа тұлғаларды осы құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды дегенді білдіреді. Берн конвенциясы сондай-ақ авторлық құқықтарды қорғаудың жалпы қағидаттарын белгілейді және олардың қатысушы мемлекеттер арасында өзара танылуын реттейді. Конвенцияға сәйкес әрбір қатысушы ел басқа елдерден келген авторларға өздерінің авторлары сияқты құқықтар мен артықшылықтарды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Конвенция сондай-ақ авторлық құқықтарды қорғаудың ең аз мерзімін белгілейді, ол автор қайтыс болғаннан кейін оған қоса 50 жылдан кем болмауы тиіс. Бұл туындылардың ұзақ уақыт қорғауда қалуына және құқық иеленушінің рұқсатынсыз пайдалануға болмайтынына кепілдік береді.

Алайда, Берн конвенциясы халықаралық келісім болып табылатынына қарамастан, ол авторлық құқықтың тікелей орындалуын реттемейді. Оның орнына әрбір қатысушы мемлекет конвенцияда белгіленген қағидаттарға сәйкес авторлық құқықтарды қорғау туралы ұлттық заңдарын енгізуге міндетті. Осылайша, Берн конвенциясы халықаралық деңгейде авторлық құқықты бірыңғай нормативтік-құқықтық реттеуді орнатуда маңызды рөл атқарады. Ол авторларға лайықты сыйақы және олардың туындыларын рұқсатсыз пайдаланудан қорғауды қамтамасыз ете отырып, олардың мүдделерін қорғайды және қажетті стандарттарды жасайды.

Авторлық құқық туралы Дүниежүзілік конвенция (кейде Женева конвенциясы) (ағылш. Universal Copyright Convention) - авторлық құқықты қорғау жөніндегі Халықаралық келісім, ЮНЕСКО қамқорлығымен әрекет етеді. 1952 жылы 6 қыркүйекте Женевада өткен авторлық құқық жөніндегі Үкіметаралық конференцияда қабылданды[5].

Авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенция халықаралық ауқымда авторлық құқықтарды қорғауды реттейтін маңызды заңды құжаттардың бірі және бірегейі болып табылады. Авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенцияның мақсаты бүкіл әлем бойынша авторлық құқықты реттейтін қағидаттар мен ережелердің бірыңғай жүйесін құру. Бұл осы саладағы заңнаманы біріздендіруге ықпал етеді және мемлекеттер арасындағы авторлық құқық саласындағы өзара іс-қимылды жеңілдетеді. Дүниежүзілік конвенцияның негізгі қағидаты авторлардың рұқсатынсыз туындыларды пайдалану және тарату алдында авторлық құқықтың артықшылығын белгілеу болып табылады. Конвенция авторларға туындыларды қайта шығаруға, таратуға, көпшілік алдында орындауға және дыбыстауға айрықша құқықтарды қоса алғанда, өз туындыларын эксклюзивті пайдалану құқығына кепілдік береді. Бұдан басқа, Дүниежүзілік конвенция авторлық құқықтарды қорғау жөніндегі маңызды қағидаттарды қамтиды. Олар авторлық құқықтарды қорғаудың ең төменгі стандарттарын белгілеуді, мүше мемлекеттердің тиісті онлайн-қарақшылыққа қарсы шараларды жүргізу міндеттемесін, сондай-ақ туындыларды пайдалану авторлардың рұқсатынсыз жүзеге асырылуы мүмкін қоғамдық мүдде аймағын айқындау үшін қағидалар белгілеуді қамтиды. Дүниежүзілік конвенцияда белгіленген авторлық құқықтарды қорғау жүйесі де жаңа технологиялардың дамуымен және олардың туындыларды пайдалану тәсілдеріне ықпалымен бірге дамуда. Бұл цифрлық ортада авторлық құқықтарды қорғау жөніндегі қағидаттарды, сондай-ақ Интернет желісінде авторлық құқықты реттеу ерекшеліктерін қамтиды. Авторлық құқық туралы дүниежүзілік конвенция мүше мемлекеттер үшін тікелей міндеттеуші құжат болып табылмайды, бірақ ол авторлық құқық саласындағы ұлттық заңнамалар мен халықаралық-құқықтық шарттарды әзірлеуге негіз болады.

Авторлық құқық - бұл автордың зияткерлік меншігін қорғайтын құқықтық жүйе. Авторлық құқық авторға оның шығармашылық жұмыстарын пайдалануды бақылау және одан пайда алу құқығын бере отырып, сондай-ақ рұқсатсыз пайдаланудан және көшіруден қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, авторлық құқық - бұл авторларға өз туындыларын пайдалану мен сатуға эксклюзивті құқық беретін зияткерлік меншік. Әртүрлі елдерде авторлық құқық ұғымы заңнамаға және жергілікті мәдениеттің ерекшелігіне байланысты ерекшеленеді, бірақ олар әдетте авторлық құқықтардың қолданылу мерзімін, тіркеуге қойылатын талаптарды, туындыға авторлық белгі салу рәсімін және басқа да ұқсас құқықтар мен міндеттерді айқындайды. Мысалы, АҚШ-та авторлық құқық түпнұсқа туындыны жасау кезінде тіркеу немесе © белгісін көрсетпей автоматты түрде құрылады, ал оны сақтау ұзақтығы автор қайтыс болғаннан кейін 70 жылды құрайды. Жапонияда

«Moral Rights» жүйесі жұмыс істейді, соның арқасында автор өз аты мен бейнесін пайдалануды басқара алады, ал авторлық құқық тек автор тарапынан арнайы жолданған жағдайда ғана мұрагерлерге ауыса алады. Сондай-ақ, 1886 жылы Швейцарияда жасалған авторлық құқықтарды қорғау туралы халықаралық келісімге, яғни Берн конвенциясына қатысушы барлық елдер авторларға басқа елдерде оларға тиесілі құқықтарға кепілдік беретін авторлық құқықтың бірыңғай ережелеріне ие. Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстанда авторлық құқықты реттейтін бірден-бір арнайы заң - «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы». Ол авторлық құқықпен қорғалатын туындыларды және сабақтас құқықтармен қорғалатын басқа да объектілерді пайдалануға байланысты қатынастарды реттейді, сонымен қоса авторлық құқықтарды заңи қорғауға қойылатын талаптарды қамтиды және авторлардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Заңға сәйкес авторлық құқық автордың бүкіл өмір бойы және ол қайтыс болғаннан кейін тағы да 70 жыл бойы қолданылады. Осы кезең ішінде автор мен оның құқықтық мирасқорларының өз құқықтарын қорғауға және туындыны пайдаланғаны үшін сыйақы алуға құқығы бар. Мысалға алып қарастыратын болсақ, 1961 жылы дүниеден өткен қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың «Абай жолы» романдар топтамасы 2031 жылы халықтық игілікке өтеді[6, 123 б.].

Қорытындылай келе айтарымыз, авторлық құқық - бұл шығармашылық туындыларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ететін заңдық тұжырымдама. Ол авторлардың құқықтары мен міндеттерін және туындыларды жасауға және таратуға байланысты зияткерлік меншікті айқындайды.

Авторлық құқық тарихы көптеген ғасырлар мен кезеңдерді қамтиды, олардың әрқайсысы оның тұжырымдамасы мен қағидаттарының дамуына елеулі әсер етті. Технологиялардың дамуымен және туындыларды жасау мен таратудың жаңа тәсілдерінің пайда болуымен авторлық құқық дамуын және заман талабына сай бейімделуін жалғастырып келеді. Алайда, авторлық құқық саласындағы барлық өзгерістер мен прогреске қарамастан, негізгі қағидаттар өзгеріссіз қалады - авторлардың құқықтарын қорғау, олардың зияткерлік меншігін тану және шығармашылық белсенділігін ынталандыру. Авторлық құқықтың тарихи аспектілері оның дамуының маңызды іргетасы және авторлық құқықтарды әділ және тиімді қорғауды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы заңнама жүйесінің сөзсіз құрамдас бөлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мимеева, Н. Н. История возникновения и развития авторского права в России и за рубежом. / Н. Н. Мимеева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2020. — № 8 (298). — С. 167-172. — [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://moluch.ru/archive/298/67563/> (қарау күні: 27.02.2024).

2. Пеланда, Брайан. Декларации культурной независимости: националистический императив, стоящий за принятием ранних американских

законов об авторском праве, 1783-1787 гг. 58 Журнал Общества авторского права США 431 (2011).

3. Питер К., Ю. (2007). Интеллектуальная собственность и информационное богатство: авторское право и смежные права. Издательская группа Гринвуд. стр. 143. ISBN 978-0-275-98883-8.

4. Теоретические аспекты и история авторского права. [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://sumip.ru/biblioteka/avtorskoye-pravo/teoreticheskie-aspekty-istoriya-avtorskogo-prava/?ysclid=ltjsczzbi4887413930#his1>

5. Kéréver, André (20 November 2023). "The Universal Copyright Convention". unesco. Retrieved 20 November 2023.

6. Мұратқызы А. Авторлық құқықты цифрландырудың маңызды аспектілері. / «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға өту барысында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері», ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор Еренов Ә.Е. 100 жылдығына және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция – 2023. - 119-124 бб.

Мырзатаев Н.Д.

«Азаматтық құқық,
азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы» кафедра
меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс
және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары PhD докторы

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Андатпа

Мақалада азаматтық процестік кодекстің сот төрелігін жүзеге асыру бойынша ондағы сот шешімінің орындалуына келген кезде судьялардың мәртебесі әлі күнгі ашық заңнамаман бекітілмегендігін соның салдарынан атқару өндірісіндегі толып жатқан өзекті мәселелердің орын алуы, халықтық сот төрелігін жүзеге асыру бойынша ең соңғы нәтижесін көре алмауы мәселесі қаралған. Сонымен қатар, аталған мәселе бойынша авторлық жеке ұсыныс пікірлерін де ортаға салып отыр.

Кілттік сөздер: Азаматтық процестік кодекс, азаматтық іс жүргізу, сот орындаушысы, сот шешімі, сот шешімін орындауды қадағалау.

Адамның құқығы мен бостандығы және заңды мүдделерінің қорғалу барысы ешқандай кедергісіз және өзгеше айрықша ережелерсіз жүзеге

асырылуы керек. Адамның құқығының бұзылмауына халықаралық «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясынан» [1] бастап ұлттық заңнамалар оның ішінде ҚР Конституциясы [2], кодекстер мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің негізгі қызметі адамның құқықтары бұзылмауын қамтамасыз ету болып табылады. Дегенмен, қоғамда адамның халықаралық жалпы адамзатқа бірдей нормасының бұзылуы, ұлттық конституцияның нормаларының сақталмау туралы, адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы көптеген ақпараттар кез-келген бұқаралық ақпарат құралдарынан күнделікті айтылып, көріп жүрміз. Құқықтық мемлекет құрушы біздің елде осындай құқық бұзушалықтың көп болуы соттарымыздағы қаралып жатқан істердің санынан да байқауымызға болады. Осы аталған көкейтесті мәселені шешу үшін қолданыстағы көптеген заңнамаларды қайта қарастыру мен оларға тиісінше өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Біздің алып отырырған тақырып аясында азаматтық іс жүргізу заңнамасын қолдану бойынша быраз мәселе бар, бірақ осы мақала аясында оның бәрін қарастыруға мүмкіндік жоқ. Сондықтан да, азаматтық процестік кодексті ауқымын кеңейту мен басталған сот ісін аяғына дейін жеткізу қағидасы бойынша сот әділдігін жүзеге асыру барысында кездесетін мәселелерді ғана талдайтын боламыз.

Өзекті мәселелер:

Қазақстан Республикасының қазыргы қолданыстағы Азаматтық процестік кодексінің құқықтық мәртебесі мен қоғамдағы маңызы, сот төрелігін іске асыру барысындағы ең маңызды нормативтік құқықтық акт болып табылады. Ол еліміздің сот жүйесінде іс жүргізудің барлық сатыларында судьяның бірізділік тәртіппе істі қарауын қамтамасыз етіп отырған норма. Алайда әлемнің жаһандануы мен ұлттық нормалардың жетілуі қоғамның сұраныстарының артыуы мен қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді заманауи талаптарды жедел әлі түпкілікті шешіп беру үшін бірқатар тың ұсыныстар қажеттігі байқалады.

Азаматтық іс жүргізу кезіндегі негізгі мәселелер ретінде мыналарды айтуға болады: Сотқа шақыртуларды тараптардың өзіне жеке қолына беруді қамтамасыз ету сол арқылы азаматтық істерді қарау барысында объективтілік пен шынайылық, адамның құқықтарының бұзылуының алдын алу мақсатында тараптардың өз құқықтарын қорғау үшін дәлделдеме жинау мен қойылып отырған талапқа негіздеме, қарсы талап, жауап беру құқығын қамтамасыз ету маңызды. Алайда АПК-тің нормаларындағы сот шақыртулары мен тараптарға соқа шақыртуды жеткізудің түрлі жолдары қарастырылған олар: шақырту қағазы, телефонограмма, телеграмма, смс, почта арқылы хабарлама қалдыру, ауызша, почта арқылы, жұмыс орны арқылы, атқару билігі арқылы беру, ұялы телефон арқылы ватсап, смс жіберу т.б. әр түрлі жолдар арқылы хабарлама жіберу көзделген. Осы жерде көптеген мәселе туындап келеді. Қолданыстағы заңнамада хабарлама беру және тиісінше хабарлау жеткіліктігі бекітілген. Ал іс жүзінде ол ақпарат тараптардың әрқашан қолына уақытылы әрі дер кезінде жетпеуі, соның нәтижесінде тараптардың сот процесіне келмеуі, өзінің

құқығын қорғау үшін алдын ала дайындықтың болмауы, дәлелдемелер мен құжаттардың уақытылы ала алмауы т.б. өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін тиісінше қорғау мүмкіндігінің болмауы немесе азайуы болашақ сот шешіміне келіспеушіліктердің көбейуі мен апелляциялық сатыда істерді қарауға тараптардың көптеп шағым беруіне әкеп соғып отырған бір мәселе.

Сот сайтындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы бойынша қоғамдық мониторингтің нәтижелері [3] бойыншада 2020ж, 2021ж. 2022 жылдардығы мониторинг нәтижесін зерделей отырып та қарайтын болсақ жыл сайынғы қаралатын істердің саны артқаны байқалады.

Ұлттық статистикалық бюроның ресми мәліметтеіне сүйенер болсақ онда 2023 жылы сот жүйесі қоғамның сенім білдіру көрсеткіші - 16,2% көрсетіп отыр, ал осы жылдың қазан-қара айларындағы көрсеткіш 61,0% тең [4].

Сот жүйесіндегі азаматтық істер бойынша 2023 жылғы қосымша 1-де көрсетілген статистикалық ақпарат азаматтық істерді көптеп қаралуы осы мониторинг қортындысы бойынша да көптеген мәселелерді негіздеп шығаруға болады [5].

Астана қаласының сот сайтындағы мәліметтерге сүйенер болсақ онда 2021 жылғы көрсеткіш бойынша істі кейінге қалдыры, істің мерзімінде толық аяқталмауы, іс бойынша тіркелген істер бойынша көрсеткіштер жоғарыдағы біз айтып отырған мәселелердің айғағы іспетті [6].

Ресми мәліметтер әрбір соттың сайтынын жеке дара алуға болады оларды зерттесекте немесе жалпы республика көлемінде мәліметтерді алып қарайтын болсақта азаматтық істерді тіркеу, істерді қарау, істі қарауды кейінгі қалдыру, іс бойынша шешім шықпауы, істі аяқталуы, т.б. келіп түскен іспен сот шешімі шығып адамның мәселесі шешілген істер, шағым берілген істер мен берілмеген істер арасындағы көрсеткіш өте алшақ. Бұл дегеніміз азаматтық процесік кодексті жетілдіру арқылы аталған мәселені жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Пікірлер:

Азаматтық істерді жүргізу кезінде сот қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз іс әрекетін жасауға міндетті. Судяның ҚР АПК белгілеген нормаларын бұзуы осы іс бойынша нормаларды бұзу бойынша жауаптылық көзделген. Сонымен қатар, іске мемлекеттік қадағалаушы қатысқандықтан ол да өз өкілеттігі шегінде судяның іс әрекетінің АПК сәйкес еместігі бойынша өз қарсылығын негіздей алады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей қадағалаушы мемлекеттік орган азаматтық процес бойынша көбінесе бейтарапты танытып соттың істі жүргізу барысына қылмыстық іс жүргізу секілді белсенділік көрсетпейді. Себебі азаматтық істе мемлекеттің әрі тараптардың мүдделерін бірдей қорғаушы және заңдылықтың дәлме дәл орындалуы қадағалаушы рөлін бір мезетте атқара береді. Ол барлық тараптардың тең құқығын және заңдылықтың сақталуына қадағалау қызметін көрсете алмауы осы азаматтық процесіте көптеген мәселе туындатады. Соңғы он жылдықта сот процесін сандық жазуға көшу кезінде бірқатар олқылықтардың жойылып процесуалдық

нормалардың сақталғандығын байқаған болатынбыз. Алайда процесуалдық нормалар шынайлықтан гөрі тек жалаң сақталса болды, оның мазмұны мен қалай орындалып жатқандығы әзіргі қадағалауға құзырлы орган мүдделі емес.

Азамат өзінің қандайда бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау үшін азаматтық сотқа жүгінеді. Алайда соттарымыз тиісінше сот шешіміш шығарып қана істі аяқтап қалған бөлігінде орындау үшін атқару парағын сот орындаушысына береді сонымен бітті. Судяның азаматтық іс бойынша өз шешімінің толық орындалуын ары қарай қарап қадағалап ол бойынша тиісінші шараларды қамтамасыз етуге құқығы мен міндеті қолданыстағы ҚР АПК-те қарастырылмаған. Біздің ойымызша, ҚР АПК арнайы тарау енгізу керек. Онда судя өз шешімінің дұрыс және заңнамада көрсетілген мерзімде орындалуын қамтамасыз ету шараларын жүргізуі тиіс. Сонда ғана қоғамда сот әділдігі мен сот шешімдеріне деген қоғамның сенімі артады. Ал қазіргі жағдайға баға беретін болсақ онда сот шешімін шығарып сот орындаушысына береді сонымен барлық жауапкершілік судядан босатылады да сот орындаушысына ауысады. Алайда сот шешімін орындау сапасы уақытылы жүргізілуіне келгенде қоғам түбегейлі қарсы. Сот шешімінің дұрыс әрі уақытылы орындалуы үшін сот орындаушысының тікелей осы істі шығарған судяның барлық бұйрықтары мен өкімдерін бұлжытпай орындау қағидасын ҚР АПК енгізу керекпіз және Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылығының мәртебесі туралы заңға тиісінше толықтыру енгізуді ұсынамыз [7].

Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы турал Жоғары соттың қаулысында сот шешімдерінің орындалуы барысы үстірт қарастырылған және атқару өндірісіне соттың қатысатындығы жан-жақты нақты айтылмайды. Бұл дегеніміз атқарушылық өндіріс соттан тәуелсіз жүзеге асырылатындығын көрсетіп отыр. Біздің ойымызша, сот орындаушысы сотқа тәуелді болу керек. Атына заты сай органның қызметін қарап тексеретін мемлекеттік қадағалаушы органнан басқа ешкімнің құқығы жоқ. Өз шешімін шағарып берген судя да осы атқарушы органға сот шешімін шығарған судя оның орындалуы бойынша еш ықпал жасай алмайды. Біздіңше, сот әділдігі ол бөлек бөлек бөлшектерге бөліп табыс табудың көзіне айналдырмау керек. Азаматтар өз істерін сотта қарау үшін мемлекетке баж салығын төледі, осы қаражат аясында сот шешімі де толық аяқталу керек деп есептейміз. Ал біздің құқықтық мемлекетте бөлшектеде ақша жаса коммерцияландыра бер деген принципке көшіп кеткендігі ешкімгі жасырын емес. Азаматтар азаматтық сот ісін қарау үшін бір рет мемлекетке баж салығын төлесе, атқару өндірі осы сот шешімін орындағаны үшін тағыда осы азаматтың қалтасына түсіп отыр. Бұл халықты мәдени түрде заңдастырылған негізде тонау деп аталады. Халықтың бір ғана даулы мәселесін шешу үшін сот жүйесіне екі рет қаражат төлеуі ешқандай дамыған елдің тәжірибесінде жоқ. Сот шешімі мен оның орындалуы ҚР Жоғары сот жүйесіне қарайтын болғандықтан судя мен сот орындаушысы сот әкімшілігіне ҚР Жоғары соты тікелей бағынысты болғандықтан осыған жауапты болу керек деп санаймыз.

Бір сот билігі ішінде әр түрлі бөлек өндірістер ашып алып халықтың қалтасына түсудің бұндай схемаларын жойылмаса сот төрегіне болашақта барлық қоғам күмәнмен қарауы арта түспек. Құқықтық мемлекет құрау қағидасы кезінде классикалық философ ғалымдар бұлайды армандамаған болар.

Біздіңше, ҚР АПК талаптардың еркі мен құқығы заңнамамен шектеп отыр [8]. Ол тараптар құқығы жоқ өзі таңдаға судьяға арызын, талап арызын беру деген. Бұл өз кезегінде қазақ халқының хандық кезіндегі сот билігі мен билер сотының қағидасын жаңғырту. Ол дегеніміз, судьяларды яғни сот төрелігін жүзеге асырушыны талаптарды таңдау ерекінің болуы. Бұл таңдау еркіндігі судьялардың әділдігі мен шыншылдығына және өзара бәсекелестігін дамытады. Біздің судьяларда бәсекелестік мүлдем жоқ, басқа кез келген салады бәсекелестік қағидасынсіз қызмет көрсету жоқ. Аталған таңдау құқығын тараптарға бертін болсақ онда, судьялар өз беделіне жұмыс жасайды. Ал ол судьяның істі қарау барысында әділдігі мен шыншылдығына негізделеді және судьяны тараптар таңдау үшін барынша әділ болуға тырысады.

Жоғарыдағы мәселер негізге ала отырып келесідей ұсыныстар:

- азаматтық іс жүргізу бойынша істі қараушы судьяны тараптардың өздерінің келісімі бойынша не бір тараптың таңдауы бойынша істі қарауын енгізу;

- азаматтық іс бойынша қандайда бір сот актісін шығарған судья өзі шығарған шешімнің толық орындалуына да өз жауапкершілікте болуды заңнамамен бекіту;

- сот орындаушысының сот шешімін орындауы бойынша есебі мен үнемі оның орындалуын бақылау мен қадағалау функциясын арнайы заңнамаға енгізу арқылы осы шешімді шығарған судьяға беру.

Төрелік сотты таңдауда тараптарға алдын ала берілген құқықтық негізді осы бірінші сатыдағы азаматтық істі қарайтын сотта бәсекелестікт орта жасақтай отырып сот шешімдерінің орындалуы бойынша қоғам сеніміне ие болары анық.

Қорыта келе, біздің ойымызша қолданыстағы азаматтық процестік кодексті жетілдіру керек. Ол үшін жоғарыда айтылған ұсыныстар негізінде осы кодексте арнайы баптар енгізу арқылы және ҚР АПК тәуелді заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге тиісінше түзетулер енгізу жолымен кешенді түрде зерттеу зедрелей отыр ауқымды ұсыныстары енгізуге болады. Демократиялық қоғамда көптеген әр түрлі керіғар көзқарастардың да болуы мүмкін, әрі ол заңдылық. Дегенмен, азаматтық қоғам құрушы, халықаралық адам құқықтарын қорғаушы заңнамаларды сақтаушы мемлекет ретінде, құқықтық мемлекет орнатушы ел ретінде адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды барынша жетілдіру қағидасын басшылыққа алу керекпіз деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы

10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы бойынша қоғамдық мониторингтің нәтижелері. // <https://sud.gov.kz/kaz/content/korsetiletin-memlekettik-kyzmetterdin-sapasy-boyyynsha-kogamdyk-monitoringtin-ntizheleri>

4. Об уровне доверия населения к правоохранительным органам и судебной системе 18.07.2023//https://stat.gov.kz/ru/news/ob-urovne-doveriya-naseleniya-k-pravookhranitelnyum-organam-i-sudebnoy-sisteme-/?sphrase_id=325835

5. Текущие сведения о ходе рассмотрения гражданских дел. 2024г. <https://sud.gov.kz/rus/kategoriya/statistika>

6. Статистические данные суда. //<https://astana.sud.kz/rus/kategoriya/statisticheskie-dannye-suda>

7. Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000261>

8. Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 3 нормативтік қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000003S/history>

Нурахметова Г.Г.

к.ю.н., доцент кафедры гражданского права,
гражданского процесса и трудового права
КазНУ имени аль-Фараби

ОСНОВАНИЯ И УСЛОВИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Гражданско-правовая ответственность является одним из видов юридической ответственности. Совокупность условий, необходимых для привлечения к гражданско-правовой ответственности, образует состав гражданского правонарушения. Необходимыми условиями для всех видов гражданско-правовой ответственности являются, по общему правилу, противоправное поведение и вина должника. Для привлечения к ответственности в виде возмещения убытков необходимо наличие самих убытков, а также причинной связи между противоправным поведением должника и наступившими убытками. Таким образом, состав гражданского

правонарушения, служащего основанием для возмещения убытков, является наиболее полным и охватывает элементы составов иных гражданских правонарушений, лежащих в основе других видов гражданско-правовой ответственности. [1 с.655]

Действующими положениями гражданского законодательства установлены основания гражданско-правовой ответственности за нарушение обязательства. Должник отвечает за неисполнение и (или) ненадлежащее исполнение обязательства при наличии вины, если иное не предусмотрено законодательством или договором. При этом в соответствии с п. 1 ст. 359 ГК РК, должник признается невиновным, если докажет, что он принял все зависящие от него меры для надлежащего исполнения обязательства [2]. Лицо, не исполнившее или ненадлежащим образом исполнившее обязательство при осуществлении предпринимательской деятельности, несет имущественную ответственность, если не докажет, что надлежащее исполнение оказалось невозможным вследствие непреодолимой силы, т.е. чрезвычайных и непредотвратимых при данных условиях обстоятельств (стихийные явления, военные действия и т.п.); при этом к таким обстоятельствам не относится, в частности, отсутствие на рынке нужных для исполнения товаров, работ или услуг (п. 2 ст. 359 ГК) [2]. Кроме того, заключенное ранее соглашение об устранении или ограничении ответственности за умышленное нарушение обязательства недействительно.

По общему правилу гражданско-правовая ответственность наступает при следующих условиях: противоправном поведении должника; причинной связи между противоправным поведением должника и возникшим ущербом; при наличии вины должника; при наличии реального ущерба.

Противоправное поведение относится к числу объективных предпосылок гражданско-правовой ответственности. Противоправным признается такое поведение, которое нарушает норму права независимо от того, знал или не знал правонарушитель о неправомерности своего поведения. Иными словами, в понятии противоправности находит отражение только факт объективного несоответствия поведения участника гражданского оборота требованиям законодательства. Нормами гражданского законодательства установлены различные требования, предъявляемые к поведению участников гражданского оборота.

Противоправное поведение может выражаться в виде противоправного действия или в виде противоправного бездействия. Действие должника приобретает противоправный характер, если оно либо прямо запрещено законом или иным правовым актом, либо противоречит закону или иному правовому акту, договору, односторонней сделке или иному основанию обязательства. Так, в ст. 273 ГК РК содержится прямой запрет на односторонний отказ от исполнения обязательства и одностороннее изменение его условий, за исключением случаев, предусмотренных законом.

В ст. 953 ГК РК не содержится прямого запрета на неосновательное сбережение имущества одного лица за счет имущества другого лица. Однако

из смысла этой статьи видно, что такое неосновательное сбережение является противоправным.

В соответствии со ст.349-350 ГК РК возмещению подлежат лишь убытки, причиненные противоправным поведением должника. Это означает, что между противоправным поведением должника и возникшими у кредитора убытками должна существовать причинная связь. В большинстве случаев нарушения обязательств решение вопроса о наличии или отсутствии причинной связи не вызывает трудностей.

Здесь необходимо иметь в виду, что все действия влекут за собой следствия через посредство каких-либо иных факторов. Однако одни из упомянутых факторов, не имеют значения для юридической ответственности и поэтому не делают связь противоправного поведения лица с убытками косвенной (опосредованной). Другие же влияют на юридическую ответственность и поэтому опосредуют связь между противоправным поведением лица и наступившим результатом (убытками). Прямая (непосредственная) причинная связь имеет место тогда, когда в цепи последовательно развивающихся событий между противоправным поведением лица и убытками не существует каких-либо обстоятельств, имеющих значение для гражданско-правовой ответственности. В тех же случаях, когда между противоправным поведением лица и убытками присутствуют обстоятельства, которым гражданский закон придает значение в решении вопроса об ответственности (противоправное поведение других лиц, действие непреодолимой силы и т.п.), налицо косвенная (опосредованная) причинная связь. Это означает, что противоправное поведение лица лежит за пределами рассматриваемого с точки зрения юридической ответственности случая, а следовательно, и за пределами юридически значимой причинной связи.

Вина – один из видов психического отношения к окружающей действительности. Оно как особое психическое явление обладает определенными сущностными признаками: наличие сознательного отношения субъекта, при котором адекватно отражается окружающая действительность и ее явления; наличие осознанного отношения субъекта; выражение определенных эмоций, чувств правонарушителя, которые, как правило, имеют негативную окраску [3 с.36]; негативное отношение правонарушителя к интересам государства и общества проявляются в выборе противоправного варианта поведения.

Меры гражданско-правовой ответственности не только направлены на удовлетворение имущественного интереса потерпевшего, но и призваны предотвращать гражданские правонарушения. Гражданско-правовая ответственность выполняет определенную превентивную функцию, способствует тому, что участники гражданского оборота под угрозой привлечения их к ответственности стремятся построить свою деятельность так, чтобы не нарушать действующее законодательство, права и охраняемые законом интересы других лиц. Однако постоянная угроза привлечения к

ответственности может значительно снизить инициативу участников гражданского оборота, не искушенных в его тонкостях. Во избежание этого необходимо создать такие условия, при которых у лиц, участвующих в гражданском обороте, возникала твердая уверенность в том, что они не будут привлечены к ответственности за непредвиденные последствия их деятельности. Такая уверенность появляется в том случае, если меры гражданско-правовой ответственности применяются при виновном правонарушении [1 с.673].

Вина в гражданском праве может выступать в форме умысла или неосторожности. Вина в гражданском праве есть одно из существенных условий ответственности по обязательствам. Лицо, не исполнившее обязательство либо исполнившее его ненадлежащим образом, несет ответственность при наличии вины, кроме случаев, когда законом или договором предусмотрены иные основания ответственности (п. 1 ст. 359 ГК) [2]. Однако должник признается невиновным, если докажет, что он принял все зависящие от него меры для надлежащего исполнения обязательства (п. 1 ст. 359 ГК) [2].

В отличие от противоправного поведения и причинной связи, вина является субъективным условием гражданско-правовой ответственности. Она представляет собой такое психическое отношение лица к своему противоправному поведению, в котором проявляется пренебрежение к интересам общества или отдельных лиц. Такое понятие вины в равной мере применимо как к гражданам, так и к юридическим лицам [1 с.667].

Вред. Под вредом в гражданском праве понимают всякое умаление личного или имущественного блага. Вред может быть материальным и моральным. Моральный вред подлежит компенсации лишь в случаях, предусмотренных законом (в случае причинения морального вреда нарушением личных неимущественных прав, например, нарушением права на честь и достоинство, вреда жизни и здоровью, в случае нарушения прав потребителя и др.). Вред может быть возмещен двумя способами: в натуре и в форме возмещения убытков.

Возмещение убытков - это форма гражданско-правовой ответственности. Под формой гражданско-правовой ответственности понимается форма выражения тех имущественных лишений, которые претерпевает правонарушитель. Гражданское законодательство предусматривает различные формы ответственности.

Ответственность может наступать в форме возмещения убытков (ст. 350 ГК), уплаты неустойки (ст. 351 ГК), и т.д. Среди этих форм гражданско-правовой ответственности особое место занимает возмещение убытков. Обусловлено это тем, что наиболее существенным и распространенным последствием нарушения гражданских прав являются убытки. Ввиду этого данная форма ответственности имеет общее значение и применяется во всех случаях нарушения гражданских прав, если законом или договором не предусмотрено иное, тогда как другие формы гражданско-правовой

ответственности применяются лишь в случаях, прямо предусмотренных законом или договором для конкретного правонарушения.

Удобство неустойки как формы ответственности заключается в том, что ее размер заранее известен и, как правило, зависит только от характера нарушения. Поэтому кредитору для предъявления требования о взыскании неустойки достаточно предусмотреть размер неустойки и доказать факт нарушения обязательства. Не нужно доказывать последствия нарушения, в частности, размер причиненных нарушением убытков, что вызывает на практике затруднение, так как размер убытков нередко зависит от иных обстоятельств, тесно переплетающихся с правонарушающими действиями должника.

Список использованной литературы

1. Гражданское право: учебник: в 3 т. Т. 1 / под ред. А. П. Сергеева. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва: Проспект, 2018. — 1040 с.
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.01.2024 г.)// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061&doc_id2=1006061#pos=472;-100&pos2=3623;-26
3. Пашенцев Д.А., Гарамита В.В. Вина в гражданском праве. Монография. — М.: Юркомпани, 2011. — 144 с.

Нурадилова А.Х. – магистрант
юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

За последние время, характер споров и конфликтов в казахстанском обществе не только обостряется, но и усложняется, поскольку они по своему существу иногда направлены не только на разрешение текущих противоречий, но и на реализацию права в целом как физических и юридических лиц на управление процессов в обществе и государстве, обладание влиянием или получение контроля в целях реализации своих интересов.

Начиная с 2022 года и сегодня стал периодом испытаний и преодолений, временем переосмысления всего происходящего, факт присутствия в реальности многих вызовов который в свою очередь дает возможность законодателю для внесения коррективов и изменений в правовую систему и прежде всего в деятельность судебных органов. Одной из основных проблем для казахстанской системы правосудия и производство в государственных судах является все возрастающая нагрузка на судей, длительность судебного

процесса, увеличения объёма финансирования судебной деятельности и многое др.

В связи с этим, решение вопроса о расширении сферы применения альтернативных судебному, механизмов урегулирования споров является весьма актуальным. Это связано с тем, что «стороны предпочитают сохранить и поддержать деловые и партнерские отношения, избежать публичной огласки и разрешить спор мирным путем. Как правило, это не всегда возможно при разбирательстве в государственном суде. Также, большинство способов АРС основаны на принципах взаимной выгоды, добровольности, конфиденциальности и выделяются быстротой рассмотрения и относительно низкими финансовыми затратами при их применении» [1, С.90].

Несмотря на предпринимаемые государством меры по расширению использования АРС, его использование зависит от многих факторов и прежде всего от правовой культуры граждан, профессионального уровня действующих судей и должностных лиц государственных органов, опыта практических медиаторов, адвокатов, юридических консультантов и т.д.

Сегодня законодателем осознается необходимость дальнейшего обеспечения диверсификации процедур урегулирования споров и конфликтов в различных сферах общества. Поэтому совершенствование системы АРС является одним из ключевых направлений реформ, проводимых в настоящее время в стране, которые направлены на обеспечение надежной защиты прав и свобод граждан и юридических лиц. В Указе Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года №674 «Об утверждении Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года», прямо говорится, что «Развитие альтернативных способов урегулирования споров является важным вектором развития правовой системы Казахстана, поскольку данный институт способствует снижению уровня конфликтности в обществе и повышает качество отправления правосудия путем снижения нагрузки на суды». Кроме того, в данном стратегическом документе отмечено, что «правоприменительная практика обозначила ряд недостатков в правовом регулировании арбитража и медиации, в связи с чем с учетом международного опыта необходимо дальнейшее развитие данных институтов» [2].

В зарубежных странах основным способом разрешения правовых споров остается также государственный суд. Однако, на протяжении последних десятилетий правовая практика многих западных стран свидетельствует об тенденции к расширению применения альтернативных способов урегулирования споров, что позволяет значительно разгрузить государственные суды, сократить судебные расходы, снизить уровень противоречивости и конфликтности в обществе, способствует повышению правового сознания и культуры граждан, сохранения деловых отношений, упрочению социальных связей и др. Следует отметить, что «значительное

количество гражданских процессуальных кодексов европейских стран предусматривает обязательное применение способов альтернативного разрешения правовых споров. Так, в Бельгии и Франции суд должен предложить сторонам урегулировать конфликт с помощью механизмов АРС, а в Англии суд вправе наложить на участников спора финансовые санкции, если они отказались, например, от медиации» [3, С.42]. В целом, по некоторым данным с помощью АРС «в США около 90% экономических споров и более 80% в странах Западной Европы разрешается мирным путем в основном на досудебной стадии» [4].

Правовое регулирование альтернативных способов разрешения споров (АРС) закрепляет несколько форм их реализации путем: внесудебного, досудебного порядка урегулирования спора и использования примирительных процедур в судебном процессе, в том числе примирения, осуществляемого при содействии суда и на стадии исполнения судебных актов определенных в нормах Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан от 31 октября 2015 года №377-V [5], Закона Республики Казахстан от 2 апреля 2010 года №261-IV «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей», Закона Республики Казахстан от 28 января 2011 года №401-IV «О медиации» [6] и других нормативных правовых актах.

В ГПК РК не дано определение понятия «примирительные процедуры». Но надо отметить, эта дефиниция широко используется и в нормах действующего законодательства. Так, в контексте рассмотрения коллективных трудовых споров согласно ст.162 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года №414-V, под примирительными процедурами понимается «последовательное рассмотрение коллективного трудового спора первоначально в примирительной комиссии, а при недостижении согласия в ней - в трудовом арбитраже, а также по взаимному согласию сторон с применением процедуры медиации» [7]. В пп.11 п.1 ст.26 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан» от 29 октября 2015 года № 375-V определено, что субъекты частного предпринимательства вправе «урегулировать спор посредством примирительных процедур» [8].

3. Туаев В.П. Криминологическая характеристика женской преступности / В.П. Туаев // В сборнике: Инновационные механизмы и стратегические приоритеты научно-технического развития. Стерлитамак, 2021. С. 234–237.
4. Богданова К.Е. Женская преступность и ее предупреждение в России / К.Е. Богданова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2021. – № 33 (375). – С. 24–28.
5. Алимов С.Б. Қылмыс жасаған әйелдің криминологиялық мінездемесі. – Алматы: Nurpress, 2022. – 724 б.

ХБУ «Әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар»
кафедрасының аға оқытушысы **Танирбергенова Р. К.**

ӘЙЕЛДЕР ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасында әйелдер еңбегін қорғау және оны ұйымдастыру аясында әрекет ететін, өзарабайланысқан арнайы құқықтық нормаларды біріктіретін, әйелдер еңбегін қорғау үрдісінде пайда болатын, теориялық және тәжірибелік мәселелерге талдау жасау.

Түйінді сөздер: Қоғам, әйел, отбасы, мораль, құқық.

Қоғамдық еңбектің бір бөлігі ретінде, әйелдердің еңбегі өзіндік ерекшелігі және маңыздылығы бар жүйені құрайды. Әйелдердің еңбек үрдісіндегі еңбек қатынастары өзіндік құрылымы мен мазмұны, тұрақты даму бағыттары және құқықтық реттелуі бар қатынастар болып табылады, сондықтан оларды ерекше әлеуметтік – құқықтық санат ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, әйелдердің еңбегі ғасырлар бойы қоғамда орын алып, бірақ аяғына дейін шешілмеген «әйелдер мәселесінің» құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тақырыптың ғылыми қызығушылығы – әйелдердің қоғамдағы шынайы жағдайын сипаттайтын байланыстар мен қатынастарынан туындайды.

Соңғы жылдардағы әйелдердің құқықтық жағдайының күрт өзгеруімен тығыз байланысты. Бұл мәселенің маңыздылығы – қазіргі уақытқа дейін сақталып келген әйелдердің әлеуметтік теңсіздігі мен оны жою жолдары ғана емес, сонымен қатар, қоғамда болып жатқан алуан түрлі өзгерістермен түсіндіріледі. Қазақстан Республикасында әйелдер өткен кезеңдермен салыстырғанда өздерінің қабілеттіліктерін іске асыруға және дамытуға бағытталған көптеген құқықтар мен бостандықтарды иеленді. Ғасырлар бойы қарым – қатынастардың субъектісі ретінде мойындалмаған, адамзаттың екінші жартысын құрайтын әйелдер, қызметтің барлық салаларында ерлермен теңдей орын алу туралы құқықтарын батыл мәлімдеп келуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді. Сонымен қатар қазіргі уақытта 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы орындалып келе жатыр. Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған маңызды құжат, оны іске асырудың, мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан мониторинг жасаудың құралы, демократияны дамытудың маңызды факторы болып табылады.

Астанада өткен 2023 жылы 2 ақпанда еліміздің түкпір-түкпірінен келген 800-ден астам қатысушының басын қосқан «AMANAT» партиясының әйелдер форумы өтті. Жиынға белгілі саяси және қоғам қайраткерлері, көпбалалы аналар, кәсіпкерлік, білім беру сияқты және басқа да салалардың өкілдері қатысты. «Үкімет 2000 жылдан бастап кәсіпкер әйелдерді қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асырып келеді. Ондаған мың әйелдер жеңілдетілген несиелер алып, өздерінің бизнестерін ашты. Жиырма жылдың ішінде «Шағын кәсіпкерлікті дамыту» қоры қаржысының 2 млрд. теңгесі игерілді. 2022 жылы әйелдер басқаратын 61 шаруа қожалықтары ауылдық несиелік серіктестіктер желісі бойынша несиелер алды.

Президент, сонымен қатар, Қазақстанда әйелдерге ерлермен бірге мемлекетті бақару істеріне қатысуға мүмкіндік беретін барлық жағдай жасалғанын айтып, әйелдердің саяси көшбасшылығын күшейту жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізілгенін жеткізді.

Әртүрлі жынысты адамдардың экономикалық еңбектің түрлері олардың қоғамдық өндірістегі орны және қоғамдағы жағдайындағы теңдігін толық қамтамасыз етпейді. Жұмысшылардың білікті топтары В.Я. Ельмеев және Б.Р. Рященконың пікірі бойынша, өзара білім деңгейі және материалдық қамтамасыз етілуі, қоғамдық жұмыстарға қатысу сипаты, мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейімен және ерекше мүдделерімен ажыратылады. Материалдық өндірістің аясында жоғары мамандандырылған қызметкерлердің қатарында ер адамдар жиі кездескен, ал төмен мамандандырылған қызметкерлердің қатарында көбінесе әйелдер болған.

Қазіргі таңда да көптеген мемлекеттерде әйелдердің еңбек құқықтарын қорғау және қоғамда өзіне лайықты орнын табу өзекті проблемалардың қатарына жатады. Әйелдер ассоциацияларының пайда болуы мен ұйымдасуына Сен – Симон мен Фурье (1830ж.) басқарған демократиялық қозғалысы үлкен әсерін тигізді. Бұл ассоциациялардың мақсаты өзінің мүшелеріне (әйелдерге) қоғаммен және мемлекетпен ресми түрде мойындалатын нақты анықталған мәртебені жаулап алу. Олар әйелдерге еңбекке және оны қорғауға құқықты қамтамасыз етуге көмектесті.

Әйел – арнайы құқықтық мәртебені иеленетін, қызметкер ретіндегі, еңбек құқығы субъектісінің түр тармағы. Бұл жерде дифференциация жыныстық белгі бойынша жүргізіледі, себебі мұндай субъектінің екінші түр тармағы жалпы құқықтық мәртебені иеленетін ер адам болып табылады. Жалпы және арнайы құқықтық мәртебенің орталық буынын тұлғаның субъективті құқықтары мен міндеттері құрайды. Субъективті құқық –

тұлғаның қоғамда нақты бір игіліктерді иемдену мүмкіндігі мен заңдық шарасы.

Субъективті құқықтардың иеленушілері еңбек құқығы саласының субъектілері болып табылады, олардың қатарына А.Ф. Нуритдинова еңбек құқығының пәнін құрайтын, қоғамдық қатынастың барлық қатысушыларын жатқызады. Сонымен қатар, ол субъектілер құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін көрсететін, жеке және ұжымдық қатынастарды айрықша бөліп көрсетеді.

Жеке еңбек қатынастарының субъектілері болып, еңбек құқығының негізгі субъектілері болып табылатын, қызметкер мен жұмыс беруші танылады. Өз кезегінде ұжымдық еңбек қатынастарының субъектілері болып – қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өкілдері танылады.

Қандай да бір құқықтық қатынастың субъектісі ретінде танылу үшін, тұлға құқықабілеттілік, әрекетабілеттілік және деликтқабілеттілікті иелену қажет. Еңбек құқығында құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік ажыратылмайды, көбінесе бұл екі ұғым бір құқықәрекетқабілеттілік немесе еңбектік құқықсубъектілік ұғымына бірігеді.

Жалпыға таралған пікір бойынша, еңбектік құқықсубъектілік еңбек құқығы субъектілерінің ерекше қасиетімен көрінеді, оның мазмұны келесі қабілеттіліктерден тұрады:

1. құқықтар мен міндеттерді иелену (құқық қабілеттілік);
2. өз әрекетімен құқықтарды алу және заңды міндеттерді қалыптастыру;
3. құқықбұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілікке тартылу.

Құқықсубъектілік А.Ф. Нуритдинованың ойынша, еңбек құқығы субъектілеріне субъективті құқықтар мен міндеттерді берудің алғы шарты. Яғни, жеке тұлғаларға, ұйымдарға және органдарға құқықтық қатынасқа қатысу мүмкіндігін береді. Қызметкердің негізгі сатуттық құқықтар ажырамас болып табылады және фактілі түрде еңбек және еңбекпен тығыз байланысты қатынастарды құқықтық реттеудің қағидалары ретінде көрініс табады. Олардың көпшілігі сонымен қатар, халықаралық қауымдастықта адамның негізгі әлеуметтік – экономикалық құқықтары ретінде қарастырылып, ҚР Конституциясында бекітіледі.

Менің ойымша, статуттық құқықтар, еңбек құқығының кез келген субъектісіне тиесілі субъективті құқықтар кешенінің негізін құрайды. Дегенмен, жоғарыда айтылып кеткендей, субъективті құқықтар тек заңнан ғана емес, сондай – ақ келісімді актілерден – келісім, ұжымдық шарт, еңбек шарты, бұйрықтар мен ұйым бастығының өкімімен, локальды актілерден туындауы мүмкін.

Әйел адам қызметкер ретінде де, жұмыс беруші ретінде де субъект бола алады. Бірақ, әйел – жұмыс берушінің құқықсубъектілігінің ерекше белгілері байқалмайды, сәйкесінше оның арнайы құқықсубъектілігі де көрінбейді. Өйткені, әйел – жұмыс беруші мен ер – жұмыс берушінің арасында ешқандай

айырмашылық жоқ. Ал, егер де әйел қызметкер ретінде негізгі еңбектік құқықтық қатынастарға түсетін болса, оның еңбектік құқықсубъектілігінің арнайы сипаты айқын көрініс табады.

Әйелдерге олардың ерекше әлеуметтік рольдерді атқарумен байланысты, заңнамамен бірқатар кепілдіктер мен жеңілдіктер берілген. Әйелдердің еңбегі және қоғамдық саяси қызметінің арнайы реттелуі олардың ерекше құқықтық жағдайға ие екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, әйелдерге табиғатынан берілген аналық функциясы олардың әлеуметтік құқықтық жағдайының ерекшелігін анықтайды.

Қоғамдағы әйелдердің құқықтық жағдайы дегеніміз – әйелдерге қатысты жекеленген құқықтық мәртебе және оның құрамына кіретін әрі іске аспаған, мемлекетпен қорғалатын субъективті құқықтары мен міндеттері және басқа да құрамдық элементтерін ұғыну қажет. Жалпы азаматтардың құқықтық мәртебесімен қоса бұл категория жалпы және ерекше болып арақатынасады.

Әйелдердің құқықтық мәртебесінің негізін оның қоғамдағы рөлі мен орны, заңды бостандықтарының шамасы мен жауапкершілігін тікелей анықтайтын, оның бастапқы құқықтары, бостандықтары, міндеттері және әйелдердің заңды мүдделерінің жүйесі құрайды. Бұл категориялық жүйені анықтайтын құрамдық бөліктерден басқа оған: құқықсубъектілік, азаматтық және әйелдердің заңды жауапкершілігі; оларға қатысты қолданатын жалпы және арнайы құқықтық нормалар; жалпы реттеушілік сипаттағы құқықтық қатынастың құқықтық принциптері жатады. Бұл элементтер қосымша болып табылады және негізгі элементтерімен тығыз байланыста болып оған қызмет етеді.

Мұнда әйелдердің құқықтық мәртебесі, ерлердің мәртебесі сияқты элементтерден тұратынын ескіруіміз қажет, бірақ әйел ағзасының физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, кейбір айырмашылықтары да кездеседі.

Әйелдер мен ерлердің теңдік қағидасы Қазақстан Республикасы заңнамасының негізі болып табылады. ҚР-ның Конституциясына сәйкес, «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды» және «адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдарың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауы керек» (12 бап). «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» (14 бап).

В.Н. Толкунова әйелдердің еңбегін ерекше қорғау олардың жұмысқа қабылдау кезінен басталады, себебі еңбек заңнамасымен әйелдер еңбегін ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарда қолдануға тыйым салынады. Тіпті әйелдің өзі осындай жұмыс түрлеріне өзін қабылдауға өтініш жасаса, жұмыс беруші оның өтінішін қанағаттандыруға құқығы жоқ. Бұл жерде әйелдер еңбегін қорғау туралы емес, әйелді еңбектен, яғни еңбектің белгілі бір тыйым салынған түрінен қорғау жайлы айтылған.

Бұдан шығатын қорытынды, еңбекті қорғау бойынша шаралар жүйесінде қорғаудың ерекше субъектісі ретінде қызметкер және оның еңбекке қабілеті танылса, әйелдерге қатысты еңбек құқығының қорғау функциясының жүзеге асырылу аясы кең ауқымда қарастырылады. Қорғаудың ерекше субъектісі ретінде «қызметкер» болып табылатын, нақты бір жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын, жұмыс істемейтін әйел де (бала күтіміне байланысты демалысқа шыққан әйел), сонымен қатар, қызметкер болып табылмайтын, жұмысқа орналасу бойынша нақты бір жұмыс берушімен құқықтық қатынасқа түскен әйел де танылуы мүмкін.

Сонымен, еңбектік және еңбекпен тығыз байланысты қатынастарда қорғаудың ерекше субъектісі ретінде, тек қана тікелей жұмыс істейтін қызметкер әйел ғана емес, сонымен қатар, фактілі түрде жұмыс істемейтін, бірақ еңбектік құқықтық қатынастарда және еңбек құқығы нормаларымен реттелетін басқа да қоғамдық қатынастарға түскен әйел де танылады.

Бұл қоғамдық қатынастарды жеке еңбек қатынастарымен уақытша байланысына қарай кем дегенде үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- а) жеке – еңбек қатынастарының алдында болып өткен, қатынастар;
- б) еңбек қатынастарымен қатар жүретін немесе пайда болатын, қатынастар;
- в) жеке – еңбек қатынастары аяқталғаннан кейін пайда болатын, қатынастар.

Біздің көзқарасымыз бойынша, әйелдің құқықтық қорғалуы тек еңбек қатынастарында ғана емес, сонымен қатар, еңбекпен тығыз байланысты қатынастарда да қамтамасыз етілуі керек.

Еңбектік қатынастардың және еңбекпен тікелей байланысты қатынастар тізімінің заңды анықтамасы алғашқыда ҚР ЕК-нің 1-бабында бекітілген. Солардың қатарында, жеке еңбек қатынастарының алдында болып өткен, жұмысқа тұруға байланысты қатынастар қарастырылған. Осыған байланысты осы қатынастардың тиісті дәрежеде құқықтық реттелуіне және бұл қатынастардың субъектілерін тиісті құқықтар және міндеттермен қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Мысалға, ҚР ЕК-нің 25-бабына сәйкес, еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. Жүктілік, үш жасқа дейінгі балаларының болуы, кәмелетке толмағандық, мүгедектік еңбек шартын жасасу құқығын шектей алмайды. Осы көрсетілген адамдар санатының талабы бойынша, жұмыс беруші жұмыстан оларды алудан бас тарту себебін жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің бұзылу фактісі анықталған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Осыған байланысты, әйелдерге қатысты заң нормаларының кемшілігін байқауға болады, заңшығарушы әйелге оның жүктілігі туралы хабарлау міндетін жүктейді да, жұмыс берушіге оның қаражаты есебінен репродуктивті жастағы әйелге медициналық тексеруден өткізу туралы міндетін жүктемейді.

Жүктілік және үш жасқа дейінгі баланың болуына байланысты әйелді жұмысқа алудан бас тартуды заңды жауапкершікке тартумен көздегенмен, шынайы өмірде мұндай жағдай орын алмайды. Себебі, жұмыс берушінің әйелді жұмысқа алудан бас тартуға басқа да себептерінің болу мүмкіндігі жеткілікті. Осыған байланысты басқа сұрақ туындап отыр: жұмыс беруші бос жұмыс орнына (лауазымға) ер адаммен бәсекеге түсе алатын жүкті немесе үш жасқа дейін баласы бар әйелді алуға міндетті ме? Бірақ, өкінішке орай жұмыс берушіге ондай да міндеттеме жүктелмеген. Егер мұндай жағдай орын алған болса, онда дискриминацияға ұшыраған ер адам болар еді, себебі басқа жұмысқа әйел үміткердің жүкті болуы, ер адамды жұмысқа алудан бас тартуға негіз болар еді. Яғни, жұмысқа қабылдаудан бас тарту – қызметкердің іскерлік қасиеттеріне жатпайтын және кемсіту ретінде танылатын, негіз бойынша жүргізілген болар еді.

ҚР ЕК-нің 1-бабына сәйкес, еңбекпен тікелей байланысты қатынастарға:

- а) еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға байланысты қатынастар;
- б) әлеуметтік-әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға байланысты қатынастар;
- в) еңбек жағдайларын белгілеуге қызметкерлердің (қызметкерлер өкілдерінің) қатысуына байланысты қатынастар;
- г) жұмысқа орналастыруға, кәсіптік даярлауға, қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға байланысты қатынастар;
- д) еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға байланысты қалыптасатын қатынастар жатады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, осы қатынастардың алғашқы үшеуінің құқықтық табиғаты бірдей болып келеді, сондықтан оны бөліп қарастырудың қажеті жоқ сияқты. Осыған байланысты А.М. Лушников, М.В. Лушникованың пікірлерімен келісуге болады, олардың ойынша жоғарыда аталып кеткен қатынастардың үшеуі де әлеуметтік-әріптестік қатынастарымен қамтылады. Аталмыш қатынастар еңбек жағдайларын бекіту және қолдану, сондай-ақ қызметкер мен жұмыс берушілердің өкілдерімен іске асырылатын, қызметкерлердің ұйымды басқаруға қатысу себептерінен туындайды.

Әлеуметтік-әріптестік қатынастарда әйелдерді қорғаудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл жерде әйелдердің еңбектік жұмыстылығын ескеру қажет. Өндірістің көпшілік салаларында олардың жұмыстылығы ерлермен салыстырғанда әлдеқайда төмен, сондықтан олардың ұжымдық құқықтары мен мүдделерінің қорғалуы туралы мәселені шешу қиынға соқтырады. Себебі әйелдердің әлеуметтік-әріптестіктің өкілді органдарына қатысуы заң тұрғысынан ешқандай реттелмеген. Осыдан қызметкерлердің өкілдері және олардың мүдделерін қорғаушыларының басым көпшілігі ер адамдар, ал кейбір жағдайларда тек қана ерлер болатындай жағдай қалыптасады. Осыған байланысты қызметкерлердің өкілді органдарының қатарында әйелдердің

қатысу міндеттілігі орынды болар еді. Мұндай қатысу келесідей бастамалар бойынша қалыптасар еді:

- а) аталмыш органдарда әйел-қызметкерлердің минималды үлесі;
- б) нақты жұмыс берушіде жұмыс істейтін тұлғалардың жалпы санына қарамастан, әйелдерді осы органдардың құрамына жіберу.

Қызметкерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктігін көтерумен байланысты қатынастар, ұйым мен қызметкер арасындағы оқыту шарты, еңбек шартына қосымша шарт болғандықтан, мұндай қатынастар жалғаспалы болып табылады. ҚР ЕК-нің ішіне заңшығарушы «Кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру» тарауын енгізген, бұл халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес келеді.

Аталмыш құқықтық қатынастарда әйелдерді ерекше қорғаудың қажеттілігі, олардың бала күтіміне берілген демалыстан қайтып келгенде, кәсіби дағдыларын жоғалтуынан, ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеуінен пайда болды. Статистикалық көрсеткіштер бойынша қанша әйел жұмыс істейді?

Қалыптасқан жағдайға байланысты, біздің көзқарасымыз бойынша әйелдердің еңбектік қабілеттіліктерін қалпына келтіруге байланысты нақты шараларды алдын ала қарастыру қажет. Ол үшін әрбір жұмыс берушіге әйелдердің жоғалтқан кәсіби дағдыларын қалпына келтіруге, біліктігін көтеруге және қайта даярлауға бағытталған, нақты іс шаралардан тұратын бағдарламаны дайындау және осы бағдарламаны жүзеге асыру міндетін жүктеу керек.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мемлекеттік аппараттағы әйелдердің үлесі 55 пайызға жуықтағанына қарамастан, басшылық құрамда бұл көрсеткіш 39 пайыздан аспайды. Өз тәжірибемнен білетінім, әйелдерді қызметке тарту керек. Біріншіден, ер адамдар ренжімесін, әйелдер жұмысқа өте мұқият, тиянақты қарайды. Ер адамдармен салыстырғанда, жемқорлық әрекеттерге бейім емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің статистикасы соған меңзейді. Саяси қызметкерлер арасында да елеулі теңсіздік байқалады. Олардың қатарындағы әйелдердің саны 10 пайызға жетпейді. Мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесіне қатысты да диспропорция бар. Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің, жастардың және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың санын көбейту керек. Олардың, әсіресе, басшылық құрамда қызмет етуіне барынша мүмкіндік берген жөн».

Қазіргі уақыттағы құқықтың бір ерекшелігі индивидтердің формальды теңдігін, яғни заң алдындағы теңдігін және заң тарапынан қорғану құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Адамның ол кім болмасын, қай жерде болмасын абыройын ұстап тұру идеясы, формальды – заңи мағынада өз көрінісін әркімге теңқұқылықты қамтамасыз етуде табады. В.С. Нерсисянц өз еңбектерінде, «құқықтық теңдікке балама болып келетін, адам құқықтарындағы барлық адамдарды тең құрметтеудің моральдық талабы, құқықтық құндылықтың рангісіне көтерілген», - деп ескерткен. Оның ойынша, құқық үшін де, мораль үшін де бірдей маңызды құндылықтар шоғырланған,

моральдық теңдік пен құқықтық теңдік жүйелерінің өзара әрекеттесуінің орталық буынын қалыптастырады.

Қазіргі қоғам, адам құқықтарының басымдылығын қолдап, теңсіздікті принципшілдік түрде мойындамайды. Бірақ, А.А. Пронин ескерткендей, «теңдік концепциясы, барлық адамдарға бірдей қараудан әлдеқайда кең мағынаны білдіреді.

Халықаралық және ұлттық құқықтың бірден бір міндеті әр адамның интегралды дамуына, оның нормативтік құқықтық актілерді бекітілген, құқықтарының сақталуы мен қорғалуына заңдық жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Оны іске асыру дискриминациямен жан-жақты күресті көздеп, дискриминацияға тыйым салу қағидасын бірқатар халықаралық құқықтық шарттарға біріктіретін еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекенова, А.Б. Әйелдер еңбегін қорғауды құқықтық реттеу : Монография. . - Тараз университеті: Тараз, 2018. - 129
2. Байкулова, С.Б. Қазіргі еңбек нарығындағы әйелдердің рөлі. // Шексіз бизнес: жетістік қадамдары: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Алматы, 2013. - 119-125 б.
3. Абжанов, Кубен Абжанович. Избранные труды по трудовому праву : сборник / К. А. Абжанов. - Алматы : Мастер По, 2019. - 181 с.

Тыныбеков С., з.ғ.д., әль-Фараби ҚазҰУ заң факультетінің профессоры;

Ложникова О.П., әль-Фараби ҚазҰУ журналистика факультетінің аға оқытушысы.

ҰСТАЗ ТАҒЛЫМЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМА САБАҚТАСТЫҒЫ

15 наурызда Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінде заң ғылымдарының кандидаты, профессор З.Қ. Абдуллинаның ғылыми және педагогикалық қызметі мен әль-Фараби атындағы ҚазҰУдың 90 жылдығына арналған «Азаматтық іс жүргізу заңнамасын бірегейлестіру: салыстырмалы аспект және құқық қолдану тәжірибесі» тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференция жұмысына белгілі қазақстандық және шетелдік ғалымдар, ғылыми заң қоғамдастығының өкілдері, тәжірибеден өтіп жатқан заңгерлер, магистранттар, студенттер және басқалар қатысты.

Шараны заң факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Д.Л. Байділдинов ашты. Ол конференция қатысушыларына әль-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы - Ректор Ж.К. Түймебаевтың құттықтауын жеткізді.

Өз сөзінде Дәулет Лайықұлы Зуфнун Қадырқызы Абдуллинаның өмір жолы мен оның заң факультетіндегі ғылыми-білім беру қызметі туралы әңгімелейді.

З.Қ. Абдуллина 1929 жылғы 14 қаңтарда Семей облысында туды. 1946 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына түсіп, оны 1950 жылы үздік бітірді. 1955 жылдың маусымынан бастап 2006 жылға дейін Зуфнун Қадырқызы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде (қазіргі уақытта эль-Фараби атындағы Қаз ҰУ) сабақ берді.

1963 жылғы қарашада З.Қ. Абдуллина М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына жіберілді, оны бітіргеннен кейін 1964 жылғы 18 желтоқсанда «Азаматтық істер бойынша алғашқы сатыдағы сот анықтамалары» тақырыбында кандидаттық диссертацияны табысты қорғады.

1972 жылғы 10 мамырда З.Қ. Абдуллина ЖАК шешімімен азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу кафедрасының доценті ғылыми атағына бекітілді. 2001жылғы 3 маусымда оған эль-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры атағы берілді.

З.Қ. Абдуллина ғылыми еңбегін қоғамдық және ғылыми қызметтермен ұштастыра білді. Ол екі рет Алматы қаласы Совет ауданы халық депутаттары аудандақ кеңесінің депутаты болып сайланды (1967-1969, 1969-1971 жж.). Бірнеше рет учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары болып сайланды. ҚазССР Жоғары Сотының жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі болды. ҚазССР АІЖК жобасын әзірлеуге қатысты. Жиырма жыл бойында 1968 жылдан бастап З.Қ. Абдуллина докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі арнайы Кеңестің ғалым хатшысы болды. Осы уақытта арнайы Кеңесте Қазақстан Республикасының және ТМД өзге елдерінің көптеген заңгерлері диссертацияларын қорғады.

Өзінің педагогикалық қызметінде З.Қ. Абдуллина жетекші заң пәндерінің бірі- «ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы» бойынша дәрістер оқыды. Ол «Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарастыру ерекшеліктері», «Аралық соттар», «Азаматтық іс жүргізу құқығының теориялық проблемалары» «Сот дәлелдемелерінің теориясы» және басқа да арнайы курстарды даярлады.

З.Қ. Абдуллина азаматтық іс жүргізу бойынша жетекші маман болғандықтан ол бірқатар оқу құралдарын жарыққа шығарды: «Алғашқы сатыдағы азаматтық істер өндірісі», «Азаматтық істерді сот талқысына даярлау», «ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы (тест тапсырмаларының жинағы)» және басқалар. Ол ҚазССР АІЖК мен ҚазССР Неке және отбасы кодексіне түсініктемелер даярлауға белсене қатысты, сондай - ақ 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін даярлау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болды.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры С. Тыныбеков тыңдаушыларға 1953 жылы Мәскеуде КСРО ҒА философия және құқық институтында азаматтық іс

бойынша София Сүлейманқызы Каримованың кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін Зуфнун Қадырқызының 1964 жылы кандидаттық диссертация қорғағандығын еске салды. Сол 1953 жылы құқық теориясы мен тарихы бойынша Аспазия Жақыпқызы Жақыпова (София Каримованың құрбысы) кандидаттық диссертация қорғаған болатын. София мен Аспазия академик Салық Зиманұлы кандидаттық диссертация қорғау үшін Мәскеуге аспирантураға апарған жігіттердің арасындағы екі қыз болды. София Каримова мен Аспазия Жақыпова заң ғылымының кандидаты болған КСРО-дағы алғашқы қазақ қыздары еді. Ал Зуфнун Қадырқызы 1964 жылы келесі топпен барып кандидаттық диссертация қорғады.

Абдуллина туралы заң ғылымдарының докторы, эль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры А.С.Ибраева мен заң ғылымдарының кандидаты, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының кафедрасының аға оқытушысы М.Т. Абайділдинов жан-жақты әңгімеледі.

Заң ғылымдарының докторы, эль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, профессор С.Ж. Сүлейменова кафедраның ұлағатты ұстаз З.Қ. Абдуллинаның есімін ыждаһаттылықпен сақтайтындығын, бұл туралы оған арналып конференция өткізілуінің айқын дәлел екендігін, біраз қатысушылардың Зуфнун Қадырқызымен бірге істегендігін, ал кейінгі буынның оның оқулықтары бойынша заң ғылымын астарларын игергендігін атап көрсетті.

Қолдаңбалы ғылымдар университеті: технологиялар, бизнес және дизайн Шығыс институтының (Висмар, ГФР) ғылыми қызметкері Д.Олейниктің Германиядағы медиация институты туралы сөйлеген сөзі конференцияға қатысушылардың қатты қызығушылығын туғызды.

«Медиаторлар одағы және «Адам және құқық заңгерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Президенті, кәсіби медиаторларды оқыту жөніндегі тренер Ульбара Акматовна Джирембаева Қазақстандағы медиацияның ерекшеліктері туралы әңгімеледі. Оның құқық қорғау тәжірибесінің проблемалары және АРС-ты енгізудің өзекті мәселелері туралы сөйлеген сөзі де айрықшы ықыласпен тыңдалды.

Ульбара Акматовна заң факультетінің студенттері Жұмабек Айтуар мен Түсіпхан Айшаға демеушілік сертификаттарын тапсырып, болашақ түлектерге сұраныстың жоғары екендігін көрсетті.

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент, МАИН академигі, эль-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғ.С. Сапарғалиев атындағы мемлекет және құқық институтының жетекші ғылыми қызметкері Ирина Владимировна Межибовская азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастар саласындағы еңбек даулары туралы, әдеттегідей, аса тартымды әңгімеледі.

Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты, аралық мәселелер жөніндегі өзара көмек Халықаралық қауымдастығының мүшесі М.М.

Асқарованың «Заң ғылымының виртуальдық шекаралары: мамандықтың жаңа мүмкіндіктері (IT және құқық)», «Медиаторлар одағы және «Адам және құқық заңгерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің әскери медиацияны дамыту жөніндегі жетекшісі С.Т Шаловтың «Жанжалдасушы тараптар арасында бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы жанжалдарды ауыздықтау», Алматы қаласының жеке сот орындаушысы Г.Ж. Жалбиеваның «Атқарушы өндірісте қолданылатын шаралар» атты баяндамалары да зор ынтаман тыңдалды.

Конференция шетелдік спикерлер үшін де пайдалы болды. Атап айтқанда, заң ғылымының кандидаты, Қырғыз Республикасы халықаралық, кәсіпкерлік құқық және саясаттану кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы Халықаралық университетінің (Қырғызстан, Бішкек қаласы) Б.Б. Қарасартов азаматтық іс жүргізу құқығын жетілдіру туралы әңгімелеп, оған салыстырмалы талдау жасады. Құқық докторы, Висмар Экономикалық құқық университетінің профессоры Ханс-Йоахим Шраммның баяндамасы Германия заңнамасы бойынша топтық талапхаттарға арналды. Заң ғылымының докторы, Ресей мемлекеттік әділет университеті Солтүстік-Батыс филиалы азаматтық құқық кафедрасының профессоры А.Н. Кузбагаров ТМД мемлекеттеріне қатысушылар мысалында азаматтық іс жүргізу заңнамасын бірегейлестірудің нақты ұстанымдарын ашып көрсетті.

Студенттер мен магистранттар да кафедрадағы ғылымға деген құлшыныстың жоғары екендігін көрсетті. 2 курс магистранты А.Х. Нұраділованың «Азаматтық іс жүргізуде дауларды реттеу кезінде медиацияны қолдану», 2 курс магистранты Д.Н. Тохтардың «Әдеби шығарма азаматтық құқықтың нысаны ретінде», 1 курс магистранты А.А. Кұдайбергеновтің «Заманауи құқық алаңы шегінде дауларды шешудің балама институттарының тартылуы» атты баяндамалары да қызықты болды.

Конференция қорытындылары әль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасында азаматтық іс жүргізу заңнамасын бірегейлестіру проблемаларының табысты шешіліп жатқандығын, ал З.Қ. Абдуллинаның ғылыми және педагогикалық тәжірибесінің оның шәкіртері арасында пысықталып жатқандығын көрсетті.

Тұрысбек А.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Заң факультетінің 2-курс магистранты

ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІК, АЗАМАТТЫҚ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ БАСҚАДА САЛАЛЫҚ ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі аясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Салық кодексі, «Арнайы экономикалық және индустриялық

аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Мемлекеттік–жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы сияқты жекелеген заңнамалық актілермен регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 91–бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені түсініледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 93–бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мынадай негізгі түрлерін қамтиды:

1) қаржылық және мүліктік қолдау;

2) инфрақұрылымдық қолдау;

3) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қаржы институттарын, мемлекеттік органдар жанынан жеке кәсіпкерлік проблемаларын зерделеу және оны дамыту ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі ғылыми–зерттеу институттарын құруды және дамытуды қамтитын институционалдық қолдау;

4) жеке кәсіпкерлікті ақпараттық–талдамалық, оқу–әдіснамалық, ғылыми–әдістемелік қолдауды қамтитын ақпараттық қолдау.

Туризм саласы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жеке түрі ретінде көрсетілмегенін атап өткен жөн. Айталық Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 92–бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) шағын және орта кәсіпкерлік;

2) агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық жердегі кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлері;

3) индустриялық–инновациялық қызмет;

4) арнайы экономикалық аймақтар;

5) инвестициялық қызмет;

6) отандық тауар өндірушілердің кәсіпкерлігі;

7) тұрғын үй құрылысы.

Осыған орай туристік қызмет субъектілері мемлекеттен қолдауды шағын және орта бизнес субъектілеріне, арнайы экономикалық аймақтарға және инвестициялық қызметке арналған шаралар аясында ғана ала алады. Инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау аясында инвестициялық преференциялар беріледі. Инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі: кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату, мемлекеттік заттай гранттар.

2019–2021 жылдары халықтың әл ауқатын жақсарту мақсатында ҚР Үкіметімен 14 мемлекеттік бағдарламалар бекітілді. Олар «Бизнес Бастау»,

«Жас Маман», «Жас кәсіпкер». Осы жобалардан бөлек, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында (бизнес жобалары мақұлданған жағдайда) микрокредиттік гранттардың бөлінуі «Әлеуметтік қамқорлық» бағдарламасы бойынша іске асырыла бастады. Осы жобаларды іске асыруда, алдыңға кезеңде, 2020 жылға дейін 15 мың грант бөлінді. 2019 жылы халық атаулы әлеуметтік көмекпен, нақты айтқанда 340 мың отбасы қамтылды. Олардың 58% ауылдық мекендерде тұратын тұрғындар. 2019 жылдан бастап, ең төменгі жалақы мөлшері 1,5% арттырылды – 28 мыңнан 42 500 дейін. Сәйкесінше, сол кезде, ең төменгі жалақының көтерілуі 1,3 миллионға жуық жұмыскерлердің жалақысына тиесілі болды [1].

Инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың (бұдан әрі – инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар) мынадай түрлері беріледі:

1) салықтар бойынша преференциялар, есептелген КТС сомасын 100 % қысқарту, жер салығы мөлшерлемесіне 0 коэффициентін қолдану, мүлік салығын салық базасына 0 % мөлшерлеменен есептеу;

2) инвестициялық субсидия, инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасында көзделген акциздер мен қосылған құн салығын ескермей жабдықтарды сатып алу мен құрылыс–монтаждау жұмыстары құнының 30% дейін өтеу жолымен беріледі[2].

Туристік сала субъектілерінің инвестициялық басым жобалар үшін көзделген инвестициялық преференцияларды алуы мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Себебі инвестициялардың мөлшерінің шекті шамасы тым жоғары, бұл қызмет көрсету саласы, атап айтқанда туризм саласы үшін қолайсыз. Преференциялар құны екі миллион еселенген мәннен асатын және жобасы басым қызмет түріне жататын инвестициялық басым жобаларға беріледі. Бұл ретте инвестициялық субсидия алу үшін инвестициялар мөлшері айлық есептік көрсеткіштің кемінде бес миллион еселенген мөлшерін құрауы тиіс. Сондай–ақ инвестициялық субсидия жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық басым жобаларға берілмейді.

Инвестициялық басым жобалар бойынша туристік саласы аясында жүзеге асырылған қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған 2018 жылғы шілдеде басым қызмет түрлеріне енгізілді.

Осылайша мемлекет тарапынан туристік саланы нысаналы және кешенді қолдау жүзеге асырылмай келді, ал қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары туристік қызмет субъектілері үшін жарамайды және қолайсыз. Туристік бизнес субъектілері үшін ұсынылатын қаржыландыру өңірлерде жеткіліксіз, ал кредитті қайтару мерзімі қысқа деген тұжырым жасауға болады. Шетелде туризм саласын мемлекеттік қолдау халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттік–жекешелік әріптестік тетіктері мен

мемлекеттік қолдау шаралары туризм индустриясын басты серпінді дамыту факторларының бірі болып табылады.

Туристік инфрақұрылымы дамыған елдерде сала мемлекет пен жеке инвестициялардың белсенді қолдауымен дамып жатыр. Мысалы, Испанияда мемлекет жобаның 30 % гранттық субсидиялауды жүзеге асырады, Португалияда мемлекет туризм объектілерін салуға 10 жылға дейін пайызсыз кредит береді, Малайзияда салықтан толығымен босату көзделген. Оңтүстік Африка Республикасында Халықаралық нарыққа қолжетімділікті қолдау бағдарламасы мен Туризм саласындағы ШОБ сапасын арттыру бағдарламасында көрмелерге, шоу–румдарға қатысу, сапа белгілерін алу (НАССР, ISO) және т.б. шығыстарының 30 % – 50 % мемлекет тарапынан өтеу көзделген.

Пуэрто–Рикода туризм мен круиздік индустрияны қолдау жүйесі қызмет етеді, онда 50 % салық жеңілдіктері, 10 жыл мерзімге салықтан босату сияқты преференциялар көзделген. Мажарстанда туризм саласында біліктілікті арттыруды мемлекеттік қолдау бағдарламасы, салықтық преференциялар, инвестицияларының көлемі 50 млн. еуродан асатын, кемінде 50 жаңа жұмыс орнын құратын инвесторлар үшін қаржылық субсидиялар көзделген[3].

Өзбекстанның тәжірибесі де қызықты, мұнда туризм саласын мемлекеттік қолдау 5 бағытта жүргізіледі: ШОБ қолдау, қонақүйлерді салу және жаңғырту, тікелей инвестицияларды ынталандыру, туристерге арналған көлік сатып алуды қолдау, технологиялар енгізуді ынталандыру. Мысалы, Өзбекстанның туристік компаниялары 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін туристік кластағы әкелінетін автомобильдер үшін кедендік төлемдерді төлеуден босатылады. Тікелей шетелдік инвестицияларды тартатын және экономика салаларында туристік қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар тікелей жеке шетелдік инвестициялары 300 мың АҚШ долларынан бастап 3 млн. АҚШ доллары болса – 3 жылға, 3 млн. АҚШ долларынан бастап 10 млн. АҚШ долларына дейін болса – 5 жылға, 10 млн. АҚШ долларынан астам – 7 жылға заңды тұлғаларға табысқа салынатын салықтардан, әлеуметтік инфрақұрылымды абаттандыру және дамыту салығынан, микрофирмалар мен шағын кәсіпорындарға салынатын бірыңғай салық төлемдерінен, сондай–ақ Республикалық жол қорына төлейтін міндетті төлемдерден босатылады[4].

Түркияда отельдер, туроператорлар үшін мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімді тетіктері қолданылады, олар: кедендік баждардан босату, перспективалы туристік өңірлерде отельдер үшін коммуналдық қызметтердің ең төмен бағасын ұсыну (жарық/газ/су), халықаралық көрмелерге қатысу шығындарын өтеу, 26 нысаналы нарықтан 400 мыңнан астам турист қабылдаған туроператорларға мемлекеттік қордың кепілдігімен төмендетілген мөлшерлеменен 25 млн. АҚШ долларына дейін кредиттер беру,

авиатасымалдау шығындарын өтеу (чартерлік/рейстік әрбір ұшақ үшін 6 мың доллар) және т.б.

Түркия әлемдегі шетелдік пациенттердің келуі жағынан озық елдердің қатарына кіретіні белгілі (жыл сайын 500 мың шетел пациенттері), елде JCI (JointCommissionInternational) Халықаралық ұйымының аккредиттеуінен өткен 46 денсаулық сақтау мекемесі бар [5]. Шетелден келетін пациенттердің санын ұлғайту және медициналық туризмді дамыту мақсатында Түркия Үкіметі екі бағытта жұмыс жүргізуде: медициналық туризмнің арнайы экономикалық аймақтарын құру және Түрік Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық туризм бойынша туристік компанияларға және денсаулық сақтау мекемелеріне мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасы.

Еңбекақы бұл жұмыскерге оның еңбегі үшін сапасына, санына және шығарған қажетті өнім көлеміне сәйкес берілетін төлем. Қалыпты жағдайда еңбекақы қажетті өнімнің құнына тең және оның ақшалай түрі болып табылады.

Туристік кәсіпорындағы еңбекақының жалпы деңгейі төмендегі негізгі факторларға байланысты:

- кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің нәтижесі, оның рентабельділік деңгейіне;
- кәсіпорындардың кадр саясатына;
- аймақтағы, облыстағы жұмыссыздық деңгейіне, қажетті мамандықтардағы жұмысшыларға;
- кәсіподақ, бәсекелестер және мемлекеттің ықпалы;
- кәсіпорынның қоғаммен байланыс саясаты.

Еңбекақы – еңбек келісім шарты негізінде, әрбір қызметкер жұмсаған еңбектің саны мен сапасына қарай бөлініп, олардың жеке тұтынуына берілетін табыстың ақша түріндегі бөлігі. Еңбекақы экономикалық категория ретінде екі жақты сипатта болады, бір жағынан ол жалданған адам үшін – табыс, ал кәсіпорын үшін – өндіріс шығыны болып табылады [2].

Туристік кәсіпорын жұмыстан бос уақытты, рекреацияны, демалысты ұйымдастыруға және халықты емдеуге; олардың таныстары мен туысқандарына баруға және заңмен рұқсат етілген және жарғыға сәйкес өзге де мақсаттарға бағытталған қызмет түрін жүзеге асырады.

Әрбір жеке кәсіпорынның туристік саясатының негізгі мақсаты нарықтық жағдайларды тиімді пайдалана отырып көрсетілетін қызметтер сапасын жоғарылату, туристік өнімді өндіру, өткізу және жылжыту үрдістеріне жаңашылдықтар енгізу арқылы пайданы және туристік қызметтің рентабелділігін арттыру болып табылады.

Туристік кәсіпорында еңбек ақыны ұйымдастыруды пайдалану тиімділігі мыналарды қарастырады:

- Кәсіпорын меншігіне белгілі бір нәтиже алып келетін, жақсы еңбек ақы жүйесін ұйымдастыру;

- Қалыптасқан диспропорцияларды жою;
 - Жұмысшыны әлеуметтік қорғау;
 - Еңбек ақының мөлшерін, жүйесін, нысандарын анықтауда еңбек ұжымның және әкімшіліктің толық жауапкершілігі;
 - Нақты көрсеткіштердің жоспардағы көрсеткіштерден жоғары болуы;
- Кәсіпорында еңбек ақыны ұйымдастыру келесі негізгі элементтерден тұрады:

- Еңбек ақы қорын қалыптастыру;
- Еңбекті нормалау;
- Тарифтік жүйені орналастыру;
- Еңбек ақы жүйесін және нысанын анықтау.

Туризм саласындағы еңбектің маңыздылығы мен ерекшеліктері бар. Туризм басқа экономикалық қызметтерге қарағанда бірқатар басты өзгешелігі өндірістік үдерістің нәтижесі туристік өнім немесе туристік қызмет түріндегі тауар болып табылады. Туристік өнімнің басқа тауарлардан ерекшелігі: туристік өнім материалдық емес, оны қаптап тастауға болмайды, мысалы, жеңіл өнеркәсіп тауарлары (сатылмай қалған тур немесе қонақ үйдегі орналастырылмаған бөлме тікелей шығын болып табылады және оны қалпына келтіруге болмайды), туристік өнімді меншікке алуға болмайды, туристік өнімді өндіру оны тұтынумен қатар жүргізіледі (клиент тауарды сатып алар кезде өзі жеке қатысады), тұтынушы немесе клиент туристік өнімді шығаруға қатысады, тұтынушы туристік өнімді өтеу кезінде қызметтерді алу дайындығына ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентімен бекітілген Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы // Егеменді Қазақстан. – 1997, 11 қазан. – №71 (2331).
2. Линара Сактаганова. Сохранить баланс трудовых интересов // Юридическая газета. – 2019, 27 августа. – №64 (3363).
3. Нургалиева Е.Н., С.А. Бухарбаева Принципы трудового права. – Алматы, 2004. – 160 с.
4. Гражданское право. Том 1. Учебник для вузов (академический курс). Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2000. – 704 с.
5. Завьялова С.В. Проблемы гражданско–правового регулирования туристской деятельности в Российской Федерации: монография. – М.: Проспект, 2016. – С. 87.

Заң ғылымдарының кандидаты, профессор З.К. Абдуллинаның ғылыми - педагогикалық қызметіне және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған *«Азаматтық іс жүргізу заңнамасын біріздендіру: салыстырмалы аспект және құқық қолдану практикасы»* тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
15 наурыз 2024 ж.

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международная научно-практическая конференция на тему:
«Унификация гражданского процессуального законодательства: сравнительный аспект и правоприменительная практика»
посвященной научной и педагогической деятельности кандидата юридических наук, профессора Абдуллиной З.К. и 90 летию КазНУ им. аль-Фараби
15 марта 2024 г.

COLLECTION OF MATERIALS

Of the International scientific and practical conference on the topic:
«Unification of Civil procedure legislation comparative aspect and law enforcement practice» dedicated to scientific and pedagogical activities of the candidate of Law, professor Abdullina Z.K. and 90th anniversary of Al-Farabi
Kazakh National University
March 15, 2024